



Газет 1948 ж. 20 сәуірінен шыға бастады

3-ші



№ 2 (1286)
ақпан,
наурыз
2000 жыл

Қазақ университеті

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
РЕСПУБЛИКАҒА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТІ

2-бап, 2-тармақ:
Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен БАҚ әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті.
(ҚР БАҚ туралы заңы. 1999 ж. 23 шілде.)

ТАҒЗИМ

Университетімізде 1970-86 жылдары ректор болып қызмет еткен көрнекті ғалым, академик, Халықаралық және Қазақстанның мемлекеттік сыйлықтарының лауреаты, ғылымға еңбегі сіңген қайраткер, профессор Жолдасбеков Өмірбек Арысланұлының туған үйіне 1 наурыз күні ескерткіш тақта орнатылды.



Көпжасар Нәрібаев, ректор:

"Қазақ ғылымы мен білімінің шынтуғалы шынайы азаматтарының бірі есімі бүкіл ғаламға танымал ғалым, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері **ӨМІРБЕК АРЫСЛАНҰЛЫ ЖОЛДАСБЕКОВТИҢ** туған күні 1931 жылдың 1-наурызы болатын..."

Өмекен Қазақ мемлекеттік университетін басқарған кезінде көптеген мамандықтарды енгізіп, оқу бағдарламасының ауқымын кеңейтіп, әлемдегі ең озық университеттер деңгейіне көтерді. Ол-өзінің өсу жолында ғылым докторы, профессор, Ұлттық Ғылым Академиясының академигі, республикамыздың Мемлекеттік сыйлығының, В.Г.Шухов атындағы және әл-Хорезми атындағы Халықаралық алтын медальдарының лауреаты, Қазақстан ғылымына еңбек сіңірген қайраткер деген үлкен атақтарға ие болды.

Өмірбек Арысланұлы ҚР ҰҒА, Халықаралық Инженерлік академиясының академигі, ҚР Инженерлік академиясының президенті, Республикалық саяси "Еңбек" партиясының төрағасы, Халықаралық Инженерлік академиясының бірінші вице-президенті, Ислам елдері Инженерлік академиялар федерациясының вице-президенті қызметтерін атқарды.

Ол тек ғалым, педагог қана емес, сонымен қатар халқымызға белгілі үлкен мемлекет, қоғам қайраткері бола білді. Осы мемлекеттік жұмыста Өмекен қазақтың тәуелсіз мемлекетінің қалыптасуына өз үлесін барынша қосты..."

РЕКТОРАТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті ректоратының 2000 жылғы 8 ақпанда қабылданған "Студенттер арасындағы тәрбие жұмысының жағдайы" жөніндегі ҚАУЛЫСЫНАН

Оқу ісі жөніндегі проректор М.К.Орынхановтың "Студенттер арасындағы тәрбие жұмысының жағдайы" жөніндегі хабарламасын тыңдай келе, ректорат университеттегі тәрбие жұмысының тиімділігі жөніндегі мәселенің әр уақытта назардан тыс болмағанын атап өтті.

Университеттегі тәрбие жұмысын күшейтуді ескере отырып, ректорат ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- Проректорлар М.К.Орынханов пен З.Н.Мырзабековке:
 - Нақты құқықтар мен міндеттерге ие бола алатын (жөндеу жұмыстары, жетімдерге көмек, нашақорлықпен күрес және т.б.) студенттік Сенат ұйымын құруға жәрдем көрсетілсін;
 - Студенттердің ролі және құқықтық, патриоттық, эстетикалық тәрбиесі, т.б. сол сияқты мәселелерін талқылау және шешу үшін тәрбие жұмысы бойынша үйлестіру кеңесі құрылсын;
 - Ұрпақтар сабақтастығының жастарды тәрбиелеудегі ролін еске ала отырып, студенттер мен әйгілі ғалымдардың кездесу кештерін ұйымдастыру және олар жөнінде баспасөзде жариялау;
- Факультет декандары:
 - студенттердің тәрбие жұмысына басты назар аударсын;
 - деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарының қажеттілігі туралы сұрақ қарастырсын;
 - "кураторлық институттың" қайта енгізілуі жөніндегі сұрақ шешімін тапсын;
 - студенттік клуб құру қажеттілігі жөніндегі мәселені қарастырсын.
- Журналистика факультетінің деканы:
 - "Қазақ университеті" газетінде жарияланатын мақалаларға қойылатын талап деңгейін күшейтсін;
 - "Қазақ университеті" газетінде студент жастардың тәрбиесі жөніндегі мәселелерді жариялауға көбірек ден қойсын;
 - университетте өткізіліп жатқан шаралар туралы жергілікті республикалық баспасөз бен теледидарда кеңінен хабарлансын.
- Педагогика кафедрасы:
 - студент жастардың тәрбие жұмысы жөніндегі жұмысты жандандырсын;
 - кафедраның университетте оқу-тәрбие жұмысының жағдайын жақсартуға бағытталған іс-шаралар жөніндегі нақты жоспарын жасасын.
- Дене шынықтыру және спорт кафедрасы:
 - университеттің спорттық өміріне араластыру мақсатында спорттық клубтың жұмысын жандандырсын.
- Осы қаулының орындалу барысын бақылау міндеті тәрбие жұмысы жөніндегі проректор З.Н.Мырзабековке жүктелсін.

Ректор, профессор
Ғалым хатшы, профессор

К.Н.Нәрібаев.
А.А.Жубанова.

ДЕКАНАТ

Тәртіп пен тәрбие - уақыт талабы

Ақпанның 10-ында журналистика факультетінің деканат мәжілісінде басқару аппаратындағы құрылымдық өзгерістер қарастырылды.

Ректорат Қаулысынан кейін өмірдің өзі талап етіп отырған студенттер арасындағы тәртіп пен

тәрбие жұмысын одан әрі жандандыру мақсатында деканның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары болып МҰҚАШЕВА Мәншүк Тынышқалиқызы, оқу ісі жөніндегі орынбасарлығына БЕГІМТАЕВА Рахима Шәріпқызы, ал әдістемелік бюро төрағалығына ТҮРСЫНОВ Құдайберген тағайындалды.

Ө.Тіштігіс

РЕДАКТОР МІНБЕРІ

*Әйелі кіндігі,
жүдіретті құшақ
иесі*

Әркім жүрегіне рух, бойына қуат, ойына ақыл шуағын сіңірген Ананы жыл сайын емес, күн сайын еске алып, елеті, құрмет пен қошаметке бөлеп тұрса шіркін!.. Мына әлем әрдайым бейбіт нұрға толы болар еді.

8 наурыз кейбір елде мереке ретінде тойланбайтын көрінеді. Мейлі, "әр елдің салты басқа..." Біз ерекше салтанат, айрықша махаббатпен дәл осы күні абзал Әжемізге, ардақты Анамызға, сүйікті Жарымызға, сүйкімді құрбымызға құшақ-құшақ гүл көтеріп, құрақ ұша асығамыз.

Дәл осы күні күнделікті күйбең тіршілікпен жүріп байқамаған ерекше сұлулығын, жүрекжарды пейілін, аста-төк мейірімін, акеділ шапағатын мадақтауға, мақтауға ұмтыламыз.

Өйткені, Ананы Алла жаратса, сол Алланың аманатын ардақтаған Ана бізді тула бойында жүргенде-ақ әлдилеген, шыр етіп дүниеге келген күні-ақ тік көтеріп әлемге әйгілеген, адамдықтың уызымен ауыздандырған.

Өйткені, Ана біздің өмірімізді саналы түрде болашақпен жалғастырушы, сабақтастырушы, басқаша айтсақ, бір ұрпақты екінші ұрпаққа ұластырушы - қасиетті құрсақ, киелі кіндік, күдіретті құшақ иесі.

Сондықтан да ондай адамды біз көктен іздемейміз, ол - үнемі көңілімізде, жерден де іздемейміз, ол - әрдайым жүрегімізде.

Иә, біз аналарды іздемейміз, олар - біздің көз алдымызда, қасымызда, құшағымызда.

Ендеше, аялайық та ардақтайық!
**Мереке құтты болсын,
арулар, асыл жандар!**

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР...



Профсоюз работников КазГУ проводил в январе-феврале т.г. конкурс "Фото-стиль -2000 г." среди сотрудников университета.
(на 2-стр.)

ЛЕБІЗДЕР.

"Қазақ университеті" газетінің ұжымына!

"Қазақ университеті" - қазақтың ең үлкен білім отауы Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің төл газеті болып қалыптасып, өзінің бет-бағдарын, мақсат-мұратын айқындап алса, әнді, міне республикамызға кеңінен таралатын дәрежеге ие болыпты. Бұл - Ұлы ғасыр, жаңа 2000-жыл алдындағы жарқын жаңалық. Республикаға таралатын қазақ газеттері қаржы тапшылығынан, материалдық қиындықтан теперіш көріп жатқанда, қар астынан қылтып шыққан бәйшешектей "Қазақ университетінің" қатарға қосылуы - үлкен қуаныш. Таланттар мен білімділер шоғырланған ордадағы газет - барша қазақ зиялыларының сүйікті, іздеп оқитын басылымына айналса дейміз. Оған оның мүмкіндігі де мол. Шығармашылық жеміс, сәтті ізденіс, қалам ұшқырлығын және редакция ұжымының татулықпен табысты еңбек етуіне тілектеспіз.

Жаңа ғасырда жұлдызың биіктеп, жарқырай берсін, "Қазақ университеті!"

Республикаға таралатын қалалық
"Алматы ақшамы" газетінің редакциясы.

ҚҰТТЫҚТАУЛАР.

Университет қалашығынан музбалақ сұңқардай түлеп ұшып, бүкіл республика бойынша кең қанат жайып шыға бастаған "Қазақ университеті" газетінің бұл ауқымды қадамына біз, "Ұлан" газетінің ұжымы, аса қуаныштымыз!

Иә, университет қабырғасында журналистиканың уызына қанығып жүріп, студенттік дәуреннің қызықты шақтарын бірге бөліскен, балауса қаламдарын ұштап, шеберліктерін нығайтуға көмектескен бұл басылымға бүкіл қазақ журналистерінің ықылас, пейілі ерекше. Мәңгі жастық шақтың ескерткішіндей көзге ыстық көрінетін осы басылым енді бұдан былай бүкіл қазақ жастары мен студенттерінің, болашақ журналистердің де төл басылымына айналып жатса, бұл - қазақ журналистері үшін де үлкен мәртебе. Университеттің газетін заңғар биіктерге алып ұшқалы отырған ұжымдарыңызға мықты денсаулық, шалқар шабыт, ынтымақ, береке тілейміз.

"Ұлан" газетінің ұжымы атынан
газеттің бас редакторы

С.Қалиұлы.

ЖЕДЕЛХАТТАР.

"Қазақ университеті" газетінің бас редакторы
С.Медеубекұлына.

Б.Соқпақбаев атындағы орта мектеп ұжымы мектептер мен жоғары оқу орындарын байланыстыратын "Қазақ университеті" газетінің 20 данасын жаздырып алатындығын хабарлайды.

Б.Соқпақбаев атындағы
орта мектептің директоры

Ұ.А.Бархинова.
Алматы облысы,
Қарасай ауданы,
Таусамалы ауылы.



Халықаралық конференцияға кітапхана үлесі



3-ақпанда ҚазМУ-дің Студенттер сарайында "Университеттік білім беру және қоғам - үшінші мыңжылдықта" атты 30-шы халықаралық ғылыми-әдістемелік конференция болып өтті.

Конференцияға Ғылыми кітапхана өз үлесін кең ауқымды тақырыптар аясын қамтыған кітап көрмесін ұйымдастыру арқылы қосты. Көрмеге еліміз бен шетелдерде жарық көрген ғылыми-әдістемелік жұмыстар мен оның жетістіктері жайлы кітаптар қойылды. Кітап көрмесі сырттан келген делегация өкілдерін Қазақстан ғылымындағы соңғы жаңалықтармен таныстыруға үлес қосты.

Баспасөз қызметі жанданбақ

Университетімізде күнделікті болып жатқан жаңалықтарды жалпақ әлемге жеткізу, дүние жүзіндегі оқиғаларды және оқу, білім, ғылым саласындағы жаңа бағыттарды таныстыру, сондай-ақ қоғамның саяси-әлеуметтік өміріндегі ақпараттармен қамтамасыз ету жұмысын дұрыс жолға қою

мақсатында ҚазМУ-дің баспасөз қызметі журналистика факультетінің куырына берілді.

Баспасөз қызметінің жетекшілері болып Светлана Николаевна ВЕЛИТЧЕНКО және Нәзия ЖОЯМЕРГЕНҚЫЗЫ тағайындалды.

Өз тілшіміз.

Компьютерлік жүйеге - жаңа бағыт



Осыдан үш жыл бұрын университетіміз TEMPUS-TASIS жобасы бойынша жалпы құны 500 мың АҚШ долларына бағаланған грантты жеңіп алған болатын. Жоба ҚазМУ-дің компьютерлер жүйесіне осы заманға сай етіп қайта жабдықтаудың кешенді бағдарламасынан тұратын.

Осы бағдарлама бойынша білім ордамызда компьютерлік бірінші жүйе құрылып, ең озық технологиялармен жабдықталуда. Онымен қоймай біздің инженерлер Франция мен Германияда жаңа техникалардың қыр-сырымен танысып қайтуға мүмкіндік алып отыр. Бұл жүйе ең алдымен кеңес заманынан қалған қағазбастылықтан құтылуға мүмкіндік береді. Енді күшәк-қушәк

қағаз ұстап әр кабинетке бір кіру келмеске кететін болады. Өйткені, кез-келген мәлімет жауапты қызметкердің алдындағы сенімді серігі компьютерге енгізіліп отырады. Бұл арқылы студенттердің оқу үлгерімінен бастап қаржылық басқаруға дейінгі кез-келген ақпарат автоматты түрде ректордың да, декандардың да, барлық жауапты қызметкерлердің көз алдында болады. Тіпті сіз өз мәселеніңізді басшының қабылдауында болмастан, оның компьютер арқылы берген жауабына қарай шеше аласыз.

Осы бағытта ҚазМУ Роберт Шумэн атындағы Страсбург университетімен және Дармштадт техникалық университетімен бірлесе қызмет істеп келеді. Аталмыш оқу орнының өз ісін жетік меңгерген мамандары кезектесіп келу арқылы біздің қызметкерлерді жаңа технологияның қыр-сырына үйретуде. Жоба келесі жылдың наурызына дейін жұмыс істейтін болады.

Суретте: Страсбург университетінің вице-президенті Жак ФЛЭК.



Алтай АМАНЖОЛОВ:

Белгілі түрколог, филология ғылымдарының докторы, профессор Алтай АМАНЖОЛОВ 1999 жылы желтоқсанда ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығымен "Құрмет Белгісі" орденімен марапатталды.

Қазақ университетінде 20 жылдан бері қызмет істеп келемін. "Жалпы тіл білімі", "Түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы", "Түркі филологиясына кіріспе", "Көне түркі тілі және графикалық лингвистика" атты лекциялар курсы бойынша бірқатар оқу құралдары мен бағдарламаларды дайындап, бастырып шығардым.

Бүгінде оқу реформасының талаптарына сай жыл сайын лекциялық курстарға өзгеріс енгізіліп, ғылымның жаңа табыстарымен үнемі толықтырылып келеді. Осы ретте оқылатын пәндердің сабақтастығы мен өзара байланыстылығына баса назар аударғанымыз шарт. Сондай-ақ, білім беру жүйесінде жаңа әдістермен қатар оны бағалаудың тың пішіндерінің енгізуге күш салмақ керек.

Сөз соңында университет ұжымы мен студенттерге айтар тілегім: аянбай қажырлы еңбек етіп, үлкен табыстарға жетіп, туған өлкеміз бен ұлтымыздың рухани мәдениетіне қосар үлесі арта берсін!

"Ұрпақтар сабақтастығының жастарды тәрбиелеудегі рөлін еске ала отырып, студенттер мен әйгілі ғалымдардың кездесу кештерін ұйымдастыру және олар жөнінде баспасөзде жариялау ісі жандандырылсын".
(Ректорат Қаулысынан 8 ақпан, 2000 жыл)

Кездесу байланысты күшейтсе

Ақпанның 22-жұлдызында журналистика факультетінің студенттері "Қазақ әдебиеті" газетінің ұжымымен кездесті.

Алғаш болашақ әріптестеріне үйреніспей, марғау отырған жастар, кездесу ортасында газет қызметкерлеріне маңызды сұрақтарды төпелетіп, жаңбырша жаудырды. Ақын Аманхан Әлімнің Заманбек Нұрқаділов туралы жазғандарына, Қажығұмарға қатысты еңбектерге, жоғалған кітапханалар жайлы Думан Рамазанның мақалаларына байланысты сұрақтар студенттер мен журналистер арасында қызу пікірталас тудырды.

Журналистика факультетінің студенттері "Жас Алаш", "Алматы ақшамы", "Студент" басылымдарымен жиі қарым-қатынас жасағанымен, "Қазақ әдебиетіне" сирек баратын еді. Аталмыш кездесуде сөз болған осы сауал, ендігі жерде екі жақтың байланысын нығайтуға түрткі болады деген ойдамыз.

Назым ДУТБАЕВА.

Ақпанның 26-сында "Қазақ университеті" газетінің қызметкерлері Алматы облысы, Қарасай ауданындағы Б.Сокпақбаев атындағы орта мектеп ұстаздары мен жоғары сынып оқушылары ортасында болды.

Мектептегі жүздесу

Бас редактор С.Медеубекұлы, тілшілер Д.Мәсімхан, Б.Әшірбаев және журналистика факультетінің ізденушісі Б.Құдайбергелулы университетіміз жайында, студенттік өмір туралы, оқуға қабылдау тәртіптері хақында және газет мәселесі төңірегінде оқушыларды қызықтырған сұрақтарға жауап берді.

Көсіптік бағдар беру жұмысы өрі газетке жазылу ісін жандандыру мақсатында ұйымдастырылған бұл жүздесу қонақтарға да, мектеп оқушыларына да зор пайдасын тигізді.

Бақытұл БИМЫРЗАЕВА,
Б.Сокпақбаев атындағы орта мектептің 11-сынып оқушысы.

"Жасын" жастарды шақырады



Ғасырдың тұтқасын ұстар бүгінгі жастардың деңгейі қандай? Келешекке нендей жетістіктермен барамыз? Осындай сұрақтарға жауап іздеген "Жасын" жастар қозғалысы, бүгінде өз жұмысын бастап та кетті.

Қозғалыс ашылғалы бері "Қасиетіңнен, қара өлең, айналайын" атты поэзия кеші мен "XXI ғасыр және қазақ азаматы" тақырыбымен диспут өткізілді. Біз осы қозғалысты толық тану ниетімен тарих факультетінің III-курс студенті Азбергенов Ақберен Елгезекұлымен әңгімелескен едік.

Н.Д.: - Қозғалысты ұйымдастыру алғаш кімнің идеясымен жүзеге асты?

А.Е.: - Бүгінгі ұлт тағдыры, тілдің қадірсіз болып қалуы, көптеген жастардың осы мәселелерге бей-жай қарауы мені бұрыннан толғандыратын. Осы жайларды күр оялағаннан бері осы қозғалысты ұйымдастыруды жөн көрдім.

Н.Д.: - Ондағы мақсат не?

А.Е.: - Қозғалыстың негізгі мақсаттары қазақ жастарының ұлттық санасын ояту, қазақ тілінің деңгейін көтеру. Мәдени-шаралар өткізу арқылы қазақ жастарының отаншылдық, ұлтжандылық сезімдерін ояту болып табылады.

Н.Д.: - Белгілі бір қозғалыс, үйірме, қоғам құру үшін тиісті орындардың ролы қандай? Осы тұрғыда не айтар едің?

А.Е.: - Біз әзірше университет қабырғасында құрылды. Соған байланысты университет әкімшілігінен рұқсат алдық. Қозғалыс ережесінде ҚР конституциясына қарсы шықпау, мемлекеттік іске араласпау, тек мәдени-ағарту істерімен шұғылданамыз делінгендіктен бізді университет көлемінде тіркеді. Кейін республика көлеміне танылып жатсақ, тиісті орындарға тіркелу ойымызда.

Н.Д.: - Сіздердің жоспарларыңыз әкімшілік талаптарына толық сәйкес келді ме?

А.Е.: - Бағдарламамызда университет саясатына қайшы келетін баптар мен жазбалар болған. Оны алып тастауға мәжбүр болдық.

Н.Д.: - Бастама не үшін "қозғалыс" аталды?

А.Е.: - Алдымызға актуальды

мәселе қойып отырғандықтан ұйым, үйірме дегеннен гөрі қозғалыс деуді жөн көрдік.

Н.Д.: - Қозғалыстың құрамы қандай?

А.Е.: - "Жасынның" құрылуына екі айдай уақыт өтті. Осы уақыт аралығында тарих, филология, журналистика, биология факультеттерінің студенттері мүше болды. Нақты іспен айналысатын жастар саны 30-ға жуық.

Н.Д.: - Рахмет Істеріңізге жетістік тілеймін.

Өздеріңіз танысқан аталмыш қозғалыс жалынды жастарды мүшелікке шақырады. Елдің ертеңі біздің қолымызда екенін бүгіннен сезінейік. Егер иг шараға атсалысқыңыз келсе тарих факультетінен Ақберен Елгезекұлына хабарласыңыз.

Назым ДУТБАЕВА,
студент.

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР...

Итоги конкурса зрительских симпатий "Фото-стиль-2000 г." (среди сотрудников КазГУ) (фотограф В.Логинов)

Профсоюз работников КазГУ проводил в январе-феврале т.г. конкурс "Фото-стиль-2000 г." среди сотрудников университета. Желающие участвовать в конкурсе имели возможность получить мажорку от визажистов "Мэри Кей" по льготным расценкам и выкупить свою фотографию "после макияжа".

На конкурсе были представлены фотографии 52 участниц, которые распределены по 4 возрастным номинациям. Жюри в составе 8 человек (мужчин - работников КазГУ) подвело итоги зрительских симпатий.

1 номинация - 56-77 лет
1 место - Струц Тамара Петровна - экскурсовод музея истории КазГУ.



2 место - Накипова Ырсалды Тотеновна - корректор типографии.
3 место - Бельбаева Айша Айтуаровна - истфак, и.о. доцента кафедры новой и новейшей истории Казахстана.

2 номинация - 41-55 лет
1 место - Таганова Наталья Петровна - преподаватель кафедры физвоспитания.



2 место - Сулейменова Сауле Сейлхановна - старший преподаватель кафедры русского языка филологического факультета
3 место - Уварова Алиса Константиновна - старший преподаватель кафедры туризма геофака.

3 номинация - 26-40 лет

1 место - Машимбаева Гульмира - ассистент кафедры международного права факультета МО.



2 место - Нурманкулова Эльмира - специалист кафедры туризма геофака.

3 место - Вишнякова Наталья Петровна - старший преподаватель кафедры физвоспитания.

4 номинация - 18-25 лет

1 место - Балаубаева Бинур - факультет МО, ст. лаборант кафедры международных отношений.



2 место - Саякова Жаныл - ассистент кафедры макро- и микро-экономики ИЭП.

3 место - Гельманова Айнура - лаборант кафедры менеджмента ИЭП.



Е.Б.ЖАТКАНБАЕВ, проректор ҚазГУ, доктор экономических наук, профессор.

Т.Тажикаев - ученый и ректор



Т.Тажикаев был выдвинут на пост первого заместителя Наркома

С 1938 по 1940 гг. Тажикаев Т.Т. работал доцентом, заведующим кафедрой педагогики и психологии Казахского государственного педагогического института им.Абая.

просвещения, а затем становится Наркомом просвещения Казахской ССР. Как способный руководитель и организатор, в ноябре 1941 г. он был выдвинут на должность заместителя Председателя Совета Народных Комиссаров Казахской ССР. На этом посту Т.Тажикаев находился до августа 1944 г. Затем назначается министром иностранных дел Казахской ССР. Одновременно он занимает должность ректора Казахского государственного университета им. С.М.Кирова, заведующего кафедрой психологии и педагогики. На этой должности он находился до 1954 г.

За время работы ректором Тулеген Тажикаевич многое сделал для расширения, утверждения фактического статуса университета как ведущего учебного заведения, флагмана высшей школы Республики. Расширилось число профилирующих кафедр, факультетов, укреплялась материально-техническая оснащенность лабораторий, особенно по естественным наукам (физика, химия, биология).

По инициативе и при активном личном участии Т.Тажикаева в 1947 г. на филологическом факультете было открыто отделение логики и психологии, что, во-первых, удовлетворяло потребности вузов и

ссузов республики в соответствующих кадрах, во-вторых, заложило основу открытия в 1954 г. философского и экономического факультетов. Это - яркое свидетельство способности Т.Тажикаева смотреть вперед и определять потребности республики в специалистах соответствующего профиля с университетским образованием.

Заметное внимание он уделял повышению научно-технического уровня профессорско-преподавательского состава. Здесь прослеживаются два направления в действиях Т.Тажикаева.

1. Широкомасштабная подготовка, переподготовки имеющихся кадров через стажировку, аспирантуру, направление в докторантуру в центральные высшие учебные заведения страны и Института АН СССР.

2. Приглашение на постоянную работу или прикомандирование в КазГУ ведущих ученых, лекторов, педагогов страны.

По инициативе ректора Т.Тажикаева постепенно закреплялась материальная база университета. При

Он подготовил основу для передачи КазГУ освобождающегося здания ЦК Компартии Казахстана по ул. Кирова и Панфилова.

его активном участии был построен новый учебный корпус на ул. Комсомольской (угол Масанчи), ныне корпус физического факультета, спортивный павильон и стадион. Деловитость, инициативность,

обстоятельность и творческий подход к делу чувствовались во всем.

Через три года он направляется в Индию в качестве Советника посла СССР. В 1961 г., по возвращении в Казахстан, Т.Тажикаев работает на кафедре педагогики и психологии в КазГУ, а затем избирается на должность заведующего этой кафедры. Все это время, наряду с большой общественно-государственной и дипломатической деятельностью, Т.Тажикаев плодотворно ведет научно-исследовательскую работу.

В октябре 1954 г. Т.Тажикаев вторично назначается заместителем Председателя Совета Министров Казахской ССР.

Еще в 1949 г. ему было присвоено ученое звание профессора, а в 1954 г. его избирают академиком Академии наук Казахской ССР. В 1962 г. Т.Тажикаев защищает диссертацию на соискание ученой степени доктора педагогических наук.

Т.Тажикаевым опубликовано ряд монографий, а также научных статей, в которых разработаны важные проблемы теории и истории педагогики и психологии. В научно-педагогической деятельности Т.Тажикаева особое место занимают вопросы морально-психологических особенностей людей и их взаимоотношений.

Заслуга Т.Тажикаева заключалась не только в том, что он пропагандировал психолого-педагогические знания среди педагогов и учителей республики и писал научные труды, но и в том, что он готовил национальные кадры высшей квалификации.

АРУЛАР АСЫЛ ЖАНДАР...



Университетіміздің көрнекті ғалымы, 25 авторлық куәлік иесі, 100-ден астам ғылыми еңбектің, 3 оқу құралының, 20 ғылыми-әдістемелік құралдың авторы, химия ғылымдарының докторы, профессор АЛМА ФАЙСАҚЫЗЫ САРМУРЗИНАҒА Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Жарлығы бойынша "ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЕҢБЕК СІңІРГЕН ҚАЙРАТКЕРІ" атағы берілді.

Мәреке алдындағы тәрбиелі жұмыстарыңа зұлтты болсын, А.А.Мәт

ФАЙСАҚЫЗЫ!

В феврале 2000 года исполняется 90 лет со дня рождения первого ученого-психолога, видного педагога, академика Академии наук Казахской ССР Тажикаева Тулегена Тажикаевича (1910-1964 гг.), внесшего большой вклад в развитие науки, культуры и просвещения республики.

Т.Тажикаев родился в Арыском районе Шымкентской области в семье крестьянина-бедняка. После окончания в 1928 году Шымкентского педтехникума он работал учителем школы.

В 1932 г. был командирован в Москву на учебу Академию коммунистического воспитания имени Н.К.Крупской. Здесь же в 1938 году окончил аспирантуру, а через год успешно защитил диссертацию на соискание ученой степени кандидата педагогических наук (по психологии) по теме "К.Д.Ушинский - основоположник педагогической психологии в России".

В 1940 г. ученый педагог

Факультет декандары: - Студенттердің тәрбие жұмысына басты назар аударсын; (Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университет ректоратының 8 ақпан 2000 жылғы "Студенттер арасындағы тәрбие жұмысының жағдайы" жөніндегі Қаулысынан)

Еріксіз тәртіп емес, еркін тәрбие маңызды...

Мынадай алмағайып заманда тәртіп керек екені рас. Алайда адам санасы бағынышты болудан алыстаған. Тіпті, мектеп оқушыларының өзін партада тұзу отыруға, мұғалімді тыңдауға еріксіз мәжбүр ете алмайсыз. Қазір еріксіз тәртіп емес, мәдени тәрбиенің маңызы артып келеді. Мәдени тәрбие сыйластық пен адамгершілік, жауапкершілік пен әдептің тоғысуынан туындамақ. Тәрбие мен әдептің не екенін түсінген студент есе

келе өзі-ақ мәдениеттілікті іздейді, әрі сондай болуға талпынады. Әдетте "тәрбиесіз" немесе "тәрбиелі" екен деп жатады. Белгілі бір бағытқа бой алдырған немесе жағымсыз қасиеттерді әдетке айналдырған адамды тәрбиелеуде мәдениетке қол артуға тура келеді. Адамдықтың бастауы ұлттық инабаттылықты түйсінуге, саналы түрде бойға сіңіруге болмақ.

Назым ДУТБАЕВА.

Тәрбие болған жерде тәртіп те болады

Студенттерде тәртіп мүлде жоқ деуге де болмайды. Дегенмен, адамгершілік, сыйластық, әдептілік азайып бара жатқандығы рас. Бұған, әрине, тәрбиенің жоқтығы да әсер етеді.

Жанар ҚАПАСОВА.

Тәрбие мен тәртіп жоқ жерде - үміт те жоқ

"Тәрбие түбі - тал бесік" - дейді халқымыз. Бұл, яғни тәрбие отбасынан басталады дегені. Ал біз болашақта мемлекетіміздің салауатты, гүлденген кезін көргіміз келсе, алдымен тәрбиенімізді дұрыс жолға салуымыз керек. Тәрбие болған жерде ғана тәртіп болады. Ал тәртіп ауадай қажет деп ойлаймын. Әрине, мен бұл жерде жастардытәртіпсіз деуден аулақпын. Адамның мінез-құлқына, одан әрі тәртіп-тәрбиесіне БАҚ-ның да тигізетін әсері мол. Газет-теледидардың көпшілігінде дерлік шетелдік өнегесіз дүниелер қаптап кеткен. Оларды көрген жастар қандай тәрбие алуы мүмкін? Нені, кімді үлгі тұтпақ? Жарнамалардың дені арақ-шарапты насихаттауға бағытталған. Мұнан да дұрыс тәрбиенің көрініп тұрғаны шамалы.

"Ел боламын десен, бесігіңді түзе", - дейді ұлы М. Әуезов. Халқымыздың келешек лидерлері дұрыс болуы үшін, жастарды сүйіспеншілікке, ел мен жерін құрметтеуге тәрбиелеуіміз керек. Бұлардың қадірін білмеген адам жұртына жақсылық жасай қояды деу екіталай.

Г. Мұқанова.

"Бізге тәртіп те, тәрбие де керек", - дейді студенттер қауымы

Тәртіп дегеніміз - ережеге, заңға бағыну

Бізде куратор сағаты өтпейді. Өтсе тек бір "чп" болғанда ғана. Әрине адам ересек болғанда оны тәрбиелеу, тәртіпке шақыру қиын. Сондықтан "баланы жастан..." дегенді естен шығармау керек сияқты.

Ал жалпы қоғамда жалпыға ортақ тәртіп керек. Меніңше, тәртіп деген - белгілі бір ережеге, яғни заңға бағыну. Ал біздегі заңға бағынудың дәрежесін өршіп бара жатқан қылмыс түрлері көрсетеді. Сондықтан тәртіпті нығайту үшін тәрбиені қолға алуымыз керек-ақ.

Гүлжан АЙНАБЕКОВА.

Қарапайым қазақы тәрбиенің жалғасы болсын...

Әрине, бізге тәртіп керек. Ол тәртіп қандай болуы мүмкін? Байқап қарасақ кей студенттер ерікті, еркін болу осы екен деп оқу орындарында үлкеннен қымсынып, оқытушыдан именбейді, қала берді, білім ордасын да сыйламайтындық-тарын байқататын сәті көп. Университет - елдің ертеңгі азаматтарын дайындап шығаратын қасиетті де ұлағатты орда. Ал, сол білімнің ақ ордасында жүрген оқытушылар мен студенттер тәртіп, тәрбиеге көп көңіл бөлмейді. Үзіліс кезінде өрімдей қыздар шылымды ширата шегіп, өтіп жатқан ұстаздарынан ұялмай ыржалақтап тұрады. Мұғалімдер көрсе де көзін жұмып өтеді. Ішкі дәліз, аудитория алдында өліп-өшіп сүйсініп тұрғандарды да "байқамай" қалып жатады!

Тым ауа жайылып еркінсіп кеткенде табармыз не? Түк те емес. Өзіңде бар асылыңды жоғалту ғана. Бізге тәрбие керек. Және ол тәрбие отбасынан басталатын қарапайым қазақы тәрбиенің жалғасы іспетті болғаны дұрыс па деп ойлаймын.

Айбын ШАФАЛАҚОВ.

Нужен ли нам порядок?

Студент, как известно, народ веселый, любящий покуражиться. Но возникают определенные запреты: "не курить, не играть в азартные игры и т.п. в Университете". Интересно, а что сами студенты думают об этих запретах. Нужны ли нам воспитательные работы среди студентов?

Жанна К., I курс, филологический факультет: Я думаю запреты нужны. Студенты зачастую не подчиняются порядку и не посещают занятия. Я думаю таких студентов нужно наказывать вплоть до исключения.

Александра, IV курс, юрфак: - По-моему запреты не нужны, студент сюда поступает не для того, чтобы его контролировали.

Чингиз К.: - Да, определенные правила нужны. А для этого нужно вести такие предметы, как "Этика" и "эстетика".

Света Б., III курс, биофак: - Нет, запреты не нужны, т.к. студент - это взрослый человек и отвечает за свои поступки.

Запреты существовали всегда, они необходимы для поддержания порядка, а иначе была бы анархия. Так, что, господа студенты, не будем "плевать в колодезь, из которого льем", т.е. будем соблюдать порядок в храме знаний.

Айнур КАРГАЛИНОВА.

Куратор- ұстазың, сырласың, әріпестің...

Адам есейген сайын өмірдің қызығымен қоса қиыншылығы да артатыны заңды құбылыс. Сондықтан да шешімін таппаған кейбір қиын мәселелерде ақылшы іздейтін кездері болады. Сондай сәттерде моральдық тұрғыдан болсын, материалдық тұрғыдан болсын қолдау көрсететін жан болса қандай жақсы. Ондай сәттерде достарына арқа сүйейсің. Тіпті кейде достарына айтпайтын тосын жайттар болатынын жоққа шығаруға болмайды. Осындай кезде өмірден көрген білгені көп үлкен азаматтардан қорған іздейсің. Әрине, кез-келген ұстазға сырынды ашып, ағыннан жарыла алмайсың. Тек жаныңа жақын ұстазға арқай сүйеуге тырысаң. Ол, әрине - куратор.

Ал куратор болмаған жағдайда ше? Сондықтан айтып отырмыз, университетте куратор қажет. Тек куратормен проблемаларды ғана айтып қарым-қатынас жасау керек деген түсінік қалыптаспауы керек. Куратормен ұстаз бен студент ретінде сыйласу бір басқа да, әріптес ретінде, адам ретінде сыйласу өз алдына бір бөлек. Сондықтан куратор ең алдымен сенің ұстазың, ақылшың, сырласың, болашақ бірге қызмет атқаратын әріптесің. Олай болса, бізге неге куратор керек болмасқа?

Ернұр АҚАНБАЙ.



В дружественной стране

В конце января группа преподавателей КазГУ им. аль-Фараби и КазГУМЯ и МО им. Абылай-хана по любезному приглашению Центра исламских исследований посетили Исламскую Республику Иран. Нам была предоставлена возможность ознакомиться с научными и культурными центрами страны, побеседовать с руководством университета в Тегеране и Исфагане, совершить поездку в Персеполь.

Первая наша встреча с иранскими коллегами состоялась в Тегеранском университете. В этом старейшем и весьма престижном учебном заведении имеются 13 факультетов и обучаются более 30 тысяч студентов. Учители состав казахстанской группы, в беседе активно участвовали руководители факультета литературы и гуманитарных дисциплин. В свою очередь деканы КазГУ доц. Н.Алдабек, проф. К.Бурханов, декан университета мировых языков и международных отношений проф. Р.Кусайн Тыныбайұлы рассказали о жизни наших университетов. При этом были вручены сувениры из Алматы и самое

Тегеранском университете магистерскую диссертацию, еще один наш выпускник учится там же в магистратуре. С большим удовлетворением мы встретились молодыми дипломатами - сотрудниками посольства РК в ИРИ, которые окончили КазГУ. Здесь надо подчеркнуть, что ректорат КазГУ придает должное значение развитию связей с иранскими научными и учебными центрами. По приглашению ректора К.Н.Нарибаева у нас недавно гостили ректор Тегеранского университета профессор Мансур Халили Аражи, проректор профессор Мехди Фейзепур, которые дали принципиальное согласие на

Кенес КОЖАХМЕТ-УЛЫ,
профессор, зав кафедры
Истории стран Азии и Африки
КазГУ.

заместитель профессор М.Али Садат и профессор Халиджи с интересом прослушали информацию о постановке Фарабистики в КазГУ и о научных изысканиях сотрудников кафедры ИСАА доцент Мажденовой, ст. преподавателей Абдумомуновой, Базаркуловой Б., Абдикаповой Э., аспиранки Абишевой М. Им были выделены разнообразные публикации по теме диссертации. Достижнута устная договоренность о взаимном сотрудничестве КазГУ и КазГУМЯ и МО с Центром.

Подобная встреча была у нас и в Исфаганском университете, созданном в 1946 г. Ныне он обустроился у подножия гор на 4,5 млн. кв. м., имеет прекрасные учебные корпуса, общежития и другие сооружения. В нем учатся 14 тыс. студентов на 9 факультетах. Руководители факультета литературы и гуманитарных дисциплин профессор Хусейни-Бей, Бейк Мухаммед заявили о желательности сотрудничества с КазГУ. Они могут пойти на обмен студентами и преподавателями. Как уже было сказано, приглашают на конференции.

Наши хозяйва представили возможность посетить музей, старинные сооружения во всех трех городах. особое впечатление произвело посещение дворцов и мечетей Исфагана, сооруженных во времена Сефевидской династии (XVI-XVIII вв.), а также остатков Персепольского дворца Дария. Но больше всего нас поразила простата дома-музея аятоллы Хомейни в Тегеране. На его могиле возведен великолепный мавзолей, куда идут тысячи людей, чтобы поклониться праху великого духовного руководителя нового Ирана.

Лично меня восхитили

простые люди. На улице, в музеях, мечетях царит доброжелательность, мягкость сочувствие. Молодежь, особенно юноши раскованы, но и девушки не чураются иностранцев, охотно вступают в беседы, рассказывают об учебе, о жизни. В городах очень много автомобилей. Водители, правда, не всегда придерживаются правил движения, но не слышна ругань или окрики. Улицы городов содержатся в чистоте, много цветов. Транспортная сеть организована четко, нет давки в автобусах (троллейбусов и трамваев там нет). Дома газифицированы, в них тепло.

Конечно, и там есть бедные. Но, что особенно бросается в глаза - это чувство собственного достоинства каждого иранца, вера в справедливость и исламскую религию. Люди не забывают дорогу в мечети. Мавзолей Саади (1184-1292), Хафиза (1320-1389) в Ширазе окружены заботой. С утра до поздней ночи их посещают местные жители и приезжие. Причем это делается от души, многократно. При нас мавзолей Саади с трепетом осматривали мать с дочерью. Познакомились, оказывается, они прилетели из Тегерана, у дочери-студентки Тегеранского университета Самина каникулы и с матерью Фатимой решили совершить поклон любимым поэтам. И это не в первый раз. Они из простой семьи, на них простая одежда. Эта встреча оставила глубокий след в душе: мы-то не ходим так на поклон своим знаменитым поэтам...

В конце я хочу поблагодарить работников посольства ИРИ в РК и лично посла Кашкави, директора культурного центра ИРИ Абеди Фараджолла, директора организации исламских взаимоотношений по научно-исследовательским делам, доктора Халиджи, а также Ахмета Пагачи, Хусейна, Муртазу Бабакеинеджат, которые сопровождали нас по Ирану. Саламат боши! - будьте здоровы, иранские друзья!

Увиденное, услышанное, новое для нас - все будет использовано в учебном процессе и в научно-исследовательской работе.

"ҚазМУ-дей оқу орны әлемнің көп елдерінде өмірге әлі келген жоқ", -

дейді Каирдағы әл-Азһар университетінің профессоры Фарук Сеит Абдул Махаймен Танттауи мырза



Танттауи ФАРУҚ Парижде араб және француз әдебиеттерінің арасындағы байланыстарға арналған тақырып бойынша докторлық диссертация қорғаған.

Қазақстан мен Мысыр арасындағы мемлекетаралық мәдени байланыстар жөніндегі келісім шарт бойынша 1998-1999 оқу жылынан бастап Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің араб филологиясы кафедрасында араб тілдері мен әдебиеті бойынша дәріс оқиды.

- Фарук мырза, өзіңіз еңбек еткен университет пен біздің университеттің оқу-тәрбие жұмысындағы басты айырмашылық неде?

- Біздің университетте классикалық оқу жүйесі басым. Араб тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытуға аса жоғары мән беріледі. Аудиторияда бірден 400-500 студент отырады. Оларға лекция оқылады.

- Сонда практикалық немесе семинар сабақтары қалай өткізіледі?

- Ол сабақтарды кафедралары бойынша бөліп-бөліп ассистенттер жүргізеді.

- Абиуриенттерді оқуға қабылдау жүйесі қалай?

- Абиуриент әуелі 12 жасқа дейін 6 жыл бастауыш мектепте, одан кейін 3 жыл дайындық дәрістерінен өтеді, бұдан соң 3 жыл бакалавриатурада оқиды. Әрі қарай білімін жетілдіремін деушілер 4 жыл оқиды. 200-300 беттік дипломдық теңбек жазады. Негізгі тіл - араб тілі, әр студент ең әуелі мемлекеттік тілді меңгеруге, бес саусағындай білуге міндетті.

- Жоғары оқу орнына қабылдау ерекшелігі қандай?

- Каирдың өзінде 5 мемлекеттік, 4 мемлекеттік емес университет бар. Оқуға түсерде сонау бастауыштан бастап жинаған баллдары басшылыққа алынады. Ең жоғары балл көрсеткіштері бар талапкер ғана мемлекет есебінен оқи алады. Төменгі балл жинағандар өздері ақы төлеп оқиды.

- Біздің университет туралы пікіріңіз қандай?

- Қазақтардың жүрегінде ислам бар, бірақ күнделікті қолдана бермейді. Ең басты кезім жеткен ерекше қасиеті сол - қазақтар - әсершіл, жомарт, сезімтал, талантты халық. Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінде оқу орны әлемнің көп елдерінде өмірге әлі келген жоқ. Қазақстанда ірі мемлекеттің іргетасы іспетті алып университетте тек асқан дарындылар ғана топтасқан деп білемін.

Оқу-ағарту, ғылым-білім жетілдірудің өлемдік үлгілеріне қарай бет алған бұл оқу орны санатында екеніне сенемін.

- Өңгімеңізге рахмет.

Тілдескен Сағат Бек.

главное - проекты новых соглашений о сотрудничестве между казахстанскими и иранскими учебными заведениями. Надо сказать, что мы накопили положительный опыт в этом деле. КазГУ одним из первых казахстанских вузов имел договоренность с Тегеранским университетом об обмене студентами. За 10 лет существования факультета востоковедения несколько групп иранистов прошли языковую практику в Иране. Годовые стажировки были предоставлены доценту Л.Рустемову, асс. и аспирантам Абдикановой Э., Абишевой М. и другим. В этом году в Тегеран отправлены новые группы студентов. Выпускница Ляззат Ермаханова защитила в

расширение и углубление партнерских отношений. Деловая встреча состоялась с руководством Центра исламских исследований, который занимается сбором, систематизацией и выпуском энциклопедии исламских стран. Центр имеет солидную библиотеку с фондом в 350 тыс. томов книг и рукописей на многих языках, в том числе на казахском и русском. Планируется системное изучение трудов аль-Фараби. Директор и его

городах. особое впечатление произвело посещение дворцов и мечетей Исфагана, сооруженных во времена Сефевидской династии (XVI-XVIII вв.), а также остатков Персепольского дворца Дария. Но больше всего нас поразила простата дома-музея аятоллы Хомейни в Тегеране. На его могиле возведен великолепный мавзолей, куда идут тысячи людей, чтобы поклониться праху великого духовного руководителя нового Ирана.

Лично меня восхитили

Раушан ӘЛІМЖАНҚЫЗЫ:

"Әкемнің арманын орындаймын деп келгенмін"

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР



1988 жылы Үрімші қаласында 11 жылдық мектепті қытай тілінде үздік бітіріп, Пекиндегі Орталық Ұлттар университетінің филология факультетін 1992 жылы озық тәмамдаған соң Шыңжаң телевидениесінде қытай тіліндегі балалар бағдарламасының режиссері әрі редакторы қызметін атқарды. Қазір ҚазМУ-дің журналистика факультетінің аспиранты.

Заңғар жақпарлар Алтын суына малғандай,
Бұлттар ақ күміс тау айдарына ұйып қалғандай
Түссе таң шапағы, орманға төгілген маржандай
Батар күн қызылы сіңеді шүйгінге-шалғынға
Ертең туатын армандай...

- Әкеңнің "ертең туатын арманы" не еді?..

- Әкемнің ертеңгі туатын айдай, шығатын күндей арманы - халқының болашағына өле-өлгенше қызмет ету болатын... Бүгін әкемнің өзі жоқ, арманы менің ғана емес, әр қазақтың жүрегінде қуаныш, мақтаныш боп туалады.

- Өткенде сені сахнада көрдім. Қазақтың халық әнін қазақ тілінде де, қытай тілінде де орындадың. Дауысың белек, орындауың ерекше...

- Негізгі білімім қытай тілі мен қазақ тілінің байланысы төңірегінде болғандықтан, әрдайым аудармамен айналысуыма тура келеді. Аударманың мүмкіндігін өз ұлтыма жұмсауды мақсат тұттым да Қытай еліне қазақ деген ұлы халықтың текті

тамырынан үзілмеген өнері барын таныту мақсатында халық өндерін аударуды қолға алдым. Мәтінін аударып қана қоймай, сол өннің өзін нәшіне келтіре бүкіл қытай халқына насихаттау үшін өзімнің де орындауыма тура келді. Бұл менің өншілік қабілетімнің де ашылуына себеп болды.

Аудармашы ретінде ұлтымыздың ең таңдаулы (оның ішінде Абай өндері де бар) 15 өнінің мәтінін қытай тіліне аударып, нотасымен 1998 жылы жарық көрген "Құлақтан кіріп бойды алар" атты жинаққа ұсындым. Эстрада өншісі ретінде танымал болғандықтан шығар, менің орындауымдағы бірнеше ән көптеген тиражбен тарайтын ұнтаспаларға еніпті. Ойыма оралды - 13 жасымда Пекинде өткен "Әнші балапан" байқауында жүлдегер атанғам. Бұған туған өлкем Күлән Әлімжанқызының да ықпалы зор болды. Ол кісі - Қытай Халық Республикасының еңбек сіңірген өртісі, өйгілі өнші.

- Ал тележурналист ретінде сені қытай халқы тани ма, бағалай ма?..

- Мақтаныш емес, өмірдің нақты шындығы.

1996 жылы қаңтар айында Пекинде балаларға арналған телебағдарламалар конкурсында менің режиссерлігіммен қойылған хабарлар "Үздік фильм" сыйлығын алды. 1998 жылы қараша айында Қытайдың Шиань қаласында өткізілген өнерпаз телекызметкерлер фестиваліне қатыстым. Нәтижелі болды. Бірақ менің ең басты арман, мақсатым - өз еліме қызмет ету, сол үшін де білімімді жетілдіру мақсатымен айналайын атамекеніме келдім...

Бұл - әкемнің ұлы арманы болатын.

Сұхбаттасқан С.САБЫРБЕК.

Европадағы ұйғыр басылымы

Ұйғыр тіліндегі мәзімді баспасөз бүгінгі күнде жаңа басылымдармен толықтырылуда. Германияда тұрып, өмір сүріп жатқан ұйғыр қоныс аударушылары тарапынан шығарыла бастаған "Учкун" газеті сезімге дәлел бола алады. Өткен жылдың наурыз айынан бастап Шығыс Түркістан ақпарат орталығы басып шығарған апталық ғылыми-саяси газетін қырыққа тарта саны Европа елдері мен Азия мемлекеттеріне таратылды. Жаңа басылымның алдына қойған бірден-бір мақсаты - ұйғырлардың тарихи отаны Шығыс Түркістандағы адам құқығының сақталмауы, ол жердегі экология мәселелерінің шешілмей жатқандығы, перзент сипеге тыйым салу, дінге қысымды күшейту тәрізді қытай коммунистері жағынан болып тұратын басқа да зорлық-зомбылық әрекеттерді өшкерілеп, дүние қорамдасығына хабарлар ету.

Шығыс Түркістан ұлттық құрылтайының органы болған "Учкунды" Абдужалыл Қарақаш өз есебінен шығарса, оған Пархат Мухаммади редакторлық етеді. бүгінгі таңда Мюнхен шаһарында шығатын басылымды дүниенің 60-тан астам елі Интернет торабы арқылы оқи алады. Газет алғаш араб жазуы негізінде шыққан болса, кейінгі сандарынан бастап кириллица арқылы да аралас басылуда.

Газеттің 29-30 сандарынан оқырмандар Германияда Шығыс Түркістан Ұлттық Құрылтайының болып өткендігі туралы таныса алады. Құрылтайға: Түркия, АҚШ, Австралия, Сауд Арабиясы, Қазақстан, Қырғызстан, Швеция, Швейцария, Өзбекстан және де дүниенің түкпір-түкпірінен уәкілдер келіп қатысқан.

Газеттің бағандырылуы, мақалаларының берілуі әртүрлі Фактілі фотосуреттер және басылымның құнын арттырады.

Кәліпнұр ХОШИНАЗАРОВА.



ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЖӘДІГЕР

Қазақстан Жоғарғы Сотының Тұңғыш Төрағасы



Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік Мұрағатының (архивінің) қорларында көрнекті қоғам қайраткері Н.Нұрмақов жайлы үзік-үзік хаттар бар.

Н.Нұрмақов 1924-29 жж. аралығында Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып қызмет атқарған. Кейін БОАҚ хатшысы және аз ұлттар бөлімінің меңгерушісі болып жүріп, 1937-жылғы репрессияның құрығына ілінді...

Нығметті халқымен қайта табыстырудың алғашқы қадамдары 1960-жылдардан басталыпты. Оның бір айғағы - белгілі орыс жазушысы Н.Анов пен Нығмет Нұрмақовтың баласы Ноян Нұрмақовтың өзара жазысқан хаттары.

Қадірлі жолдас Анов!

Сізді мазалағаным үшін кешіріңіз. Жазайын деп қанша оқталсам да әйтеуір кейінгіге қалдыра бердім. Сізге хат жолдаушы 1924-1929 жж. Қазақ ССР Халком кеңесінің төрағасы болған Нұрмақов Нығмет Нұрмақұлының баласы Ноян Нығметұлы. Біз ол кезде Қазақ ССР астанасы Қызылордада тұрған едік. Сіз "Крылья песни" атты кітабыңызда Қазақстан артистері республика үкіметінің қабылдауында болғанын баяндайсыз. Менің маманың айтуынша әкеміз сол уақытта Халком кеңесінің төрағасы болатын. 1966 жылы әлде 1967 жылы сіз "Казправдаға" партия және мемлекет басшылары қарт революционерлер және Кеңес билігінің орнауы үшін күрескендерді есте қалдыру жайында жазыпсыз. Осы мақалада менің әкемің аты аталады. Бұл мәселелер мені мына хатты жазу туралы ойға тіреді.

1965 жылы мен, анам және туыстарымызбен бірігіп Қазақстан Орталық Комитетіне, Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесіне әкемізді есте қалдыру жайында өтініш жасаған болатынбыз. Бұл мәселе сізді қызықтырса мен кейбір өтініштерді бере аламын. 1965 жылдың шілде айында "Каз. правда" және "Соц. Қазақстанда" жазылған мақалада айтылғандай, бұрынғы 4-ші жолды Нұрмақов көшесі деп атаған едік. Мұның өзі үлкен ауырлықпен, өзгер жасалған болатын. Мұның алдында мен туыстарыммен қайтыс болған Абдолла Лекеровпен және аманесен жүрген ағам Жанкеріммен жеке кездесіп, осы мәселе бойынша кешегі Министрлер Советінің төрағасының орынбасары Әди Шәріповтың қабылдауында болдық. Ол бізге не айтты деңіз? "Нұрмақовты есте қалдыру мәселесін тым қатты көтеруге болмайды". Сонсын тағы қосқаны: "Нұрмақов деген кім ол? Шалдар білсе жақсы, ал жаңа буын оны білмейді". Өзінің қысқа өмірін халық игілігіне арнаған адам туралы мемлекет қызметкерінің осылай айтқаны, біздің көңілімізді қатты қалдырды. Бір байқағаным, ең болмағанда Қазақстанның дамуымен өз өмірін, ойын байланыстырған Қазақ халқының бір ұлы болғандығын елдің есіне салып мақала жариялау үшін жоғарыдан қолдайтын бір мықты қол болу керек екен. 19 жыл лагерде айдауда болған көрі жесір (Зүпннің Ыбырайқызы - Қ.Б.) не істей алады. Меніңше, қайта жастар мұндай адамдар туралы біліп, ұмытпауы керек. Мен өз әкемізді айтып отырғаным жоқ. Бұл Кеңес өкіметі үшін күресіп, партия және халық ісі үшін өз өмірін қиғандарға да қатысты. 1970 жылы 25 тамызда әкеміз 75 жасқа толады. Ол туралы газеттер атап өте ме, білмеймін (тағы да), 1967 жылы Қазақстанның партия тарихы институтының қызметкері Ж.Көлбаев әкеміз туралы кітап жарық көреді деп айтып еді. 1970 жылдың 26 тамызында Қазақ ССР-нің 50 жылдығына жарық көретін

үлкен Қазақ энциклопедиясы дайындалуда. Мұнда Қазақстанның белгілі адамдары көрсетіледі. Әкем жөнінде жазатындығына сенемін. Омбыда бұрынғы мұғалімдер семинариясының ғимаратында естелік тақта ілініп, онда Қазақстанның белгілі қоғам қайраткері Н.Нұрмақов осы семинарияда оқыған деп көрсетілді. Қазақстан Жоғарғы Кеңесіне және Қазақстан өкіметіне бұл мәселені қойсақ та, туған елінде мұндай ешбір іс жасалмай отыр.

Мына хат Сізді таң қалдыруы мүмкін. Десе де, мен сізге Отбасымыздың, туыстарымыздың атынан Қазақстан Республикасының бұрынғы халком кеңесінің төрағасы болған адамның атын ұмыттыруға жол бермеуге, көмектесуіңізді өтініп сұраймын.

Құрметпен Ноян Нұрмақов. Москва қаласы, И-75 Кондратьев көшесі, №2 үй, 21 пәтер, 14.03.70 ж.

Аса қадірлі Зүпннің Ыбырайқызы және Ноян Нығметұлы!

Сіздерді ренжітуге мәжбүрмін. Мен екі мәселені білдім. 1. Мемлекеттік шешіммен бар мерейтойлар "дөңгеленіп", нольмен аяқталғанда ғана атап өтіледі. Сондықтан Н.Нұрмақовтың 75 жасқа толғаны аталмайды.

2. Бір ыңғайлы жағдай бар - ол Қазақстан Республикасының 50 жылдық мерейтойы. Бұл екі мерейтойлар қатар келмеу керектігінің себептері сіздерге түсінікті болар.

Мен "Қайталанбас 20-шы жылдар" деген очерк жазбақпын. Мұндай очеркті республика мерейтойына қарсы газеттер жариялайды. Әрине, жеке басқа табынушылық оған қатысты жайларды айтуға болмайды.

Мен Ноян Нығметұлының жіберген деректерін мұқият оқып шығып, негізгі мәселені таппадым.

Нұрмақов Колчак түрмесінде отырды. Бұл - жас революционердің өмірбаянының ақжарқын беттерінің бірі. Оған ерекше тоқталу керек. Сонсын семинарияда өткізген жылдары. Ол революцияға қалай қосылды? Не үшін түрмеге түсті және ату жазасынан қалай құтылды?

Зүпннің Ыбырайқызы ол туралы білетін болар. Нығметтің кеңес жұмысындағы алғашқы қадамдарын еске түсіруіңізді мен аса өтініп сұраймын. Түрмеден босанысымен қалай ол бірден Семей губаткомының жауапты

хатшысы болды екен? Байқауымша, ол Қарқаралыда ғана емес, Қарағандыда да жұмыс істеген болар? Онда не істеді? Қандай қызметтер атқарды?

Н.Нұрмақов, А.Лекеров, М.Сәбитов қолдарын қойып, Қонаевтың атына жолдаған өтінішінде: "1924 жылдың желтоқсанынан - 1928 жылға дейін Қазақ ССР-нің комиссарлар кеңесінің төрағасы" деп айтылған.

Ал оның референті Б.Родневич: "Мен 1925-1928 жылдар аралығында Н.Нұрмақовты партия комиссариат кеңесінің төрағалығына жоғарылатылған уақытта жұмыс істедім" деп есіне алады.

Қай жылға сенуге болады?

Қателеспесем, мен Нығмет Нұрмақұлымен екі рет кездестім - алғаш рет Семейде губатком төрағасы болып тұрғанда Қоянды жәрмеңкесіне баруыма ол маған машина тауып берген еді. Ол маған өте жас көрінді. 19 жастағы бала сияқты болатын. Екінші жолы Халком кеңесінің төрағасы болып тұрғанда, мен оны Қызылордада көрдім. Ол үлкен адам болатын, ал мен қатардағы журналист едім. Ол туралы жеке әсерлерім өте аз. Мен ол туралы өте қызықты қылып жазғым келеді.

Мына хатыма тезірек жауап беруіңізді өтінемін.

1926 жылдың қаңтарында Қызылордадағы Қазақ драма театрының ашылуында құттықтау сөз сөйлеген Халық ағарту комиссары С.Сәдуақасов еді. Нығмет Нұрмақовтың бұл театрда болғаны туралы Зүпннің Ыбырайқызы есіне түсіре ала ма?

Шын көңілмен сәлем жолдаушы Н.Анов. 8 шілде. 1970 ж.

Сәлеметсіз бе, Амансыз ба, құрметті жолдас Анов!

Жазған хатыңыз үшін Сізге үлкен рахмет. Ерте келсе де ештеңе өзгермес те еді, яғни баспалар әкемізді туғанына 75 жыл толуына байланысты өмірі және қызметі туралы ауыз ашады. Тіпті 29 апрель күніне де газеттерден оған орын табылмады, бұл В.И.Лениннің 100-ге толуына материалдардың көп болуымен түсіндірілді. Ашығын айтсақ мен бұған сенбеймін. Байқауымша біздің туған Қазақ үкіметі бар өмірін халқы мен партияға қалтқысыз қызмет жасаған Қазақ халқының сенімді ұлын ұмытқан сияқты...

Құрметпен Ноян Нұрмақов. 2/Ы-70. 07-39-09 сл.



Тұңғыш рет жарияланып отырған хаттарды қазақ тіліне аударып, әзірлеген Абай атындағы АМУ-дің тарихнама және деректану кафедрасының аға оқытушысы Болат ҚАБДЕШОВ.

Профессор Р.МАТАКОВА:

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР



"Мое кредо - быть нужной людям!"

Не будет большим преувеличением сказать, что на первоначальном этапе становления магистратуры КазГУ, назначение проф. Р.Н.Матаковой на должность руководителя программы магистерской подготовки во всем университете стало залогом успешного продвижения и внедрения магистратуры в процесс подготовки специалистов высшего уровня. Ведь если вспомнить события почти четырехгодичной давности, когда впервые в нашем лексиконе появилось слово "магистранты", одним из труднопреодолимых препятствий на пути становления магистратуры, как формы образования, было установившееся представление о том, что нельзя ломать то, к чему мы привыкли. Да, мы много лет работали по системе пятилетнего образования, и не видели, что мир давно построил другую, рациональную и гибкую, систему образования. Академическую степень магистра получают,

действительно, лучшие из лучших выпускников четырехлетнего базового образования. В первый год перехода на многоступенчатое образование, Рэмма Нуралиевна посетила заседания Ученых советов всех факультетов университета и на каждом выступила с заботливой и убедительной речью о перспективах магистратуры. Однако, вспомните, сколько порой горьких, а иногда просто обидных слов звучало в адрес тех, кто замахнулся на старую систему. Пришлось выслушивать немало доводов о том, что нужно вернуть пятилетнюю систему, убрать магистратуру и т.д. После всего пережитого в первый год функционирования магистратуры у любого руководителя пропало бы желание убеждать сторонников старого. Но только не у проф. Р.Н.Матаковой! Удивительно, но чем больше сопротивлялись старые опытные преподаватели, тем сильнее было желание доказать, что за магистратурой будущее! Рэмма Нуралиевна пыталась работать не вопреки тем, кто не верил в магистратуру, а после долгих бесед с ведущими профессорами, многих из них сделала своими единомышленниками. Впоследствии именно они стали основным костяком профессорско-преподавательского состава в магистратуре.

Твердость характера, абсолютная преданность делу присущи проф. Р.Н.Матаковой во всем, чем бы она ни занималась. А в 1962 году она с отличием окончила химический факультет КазГУ и с тех пор не покидала факультет. Все ее основные научные достижения связаны с этим факультетом. Это в 1970 г. защита кандидатской диссертации, в 1990 - докторской.

Сейчас Р.Н.Матакова - ведущий профессор кафедры аналитической химии и химии редких металлов. Она читает традиционные курсы по аналитической химии и электроанализу, разрабатывает новые. Как большой энтузиаст магистратуры много и плодотворно работает над подготовкой новых курсов и спецкурсов для магистратуры по специальностям "химия" и "экология".

Г.В.Ким, профессор, Ш.Нургожина, доцент.

ОНДАЙ БОЛМАҚ ҚАЙДА ДЕП...

Абай және Қожабай ақын

Мұхитдин САЛҚЫНБАЕВ, шығыстану факультетінің 3-курс студенті.



Осыдан бір жылдай бұрын, әлі халыққа танылмаған, қазақ әдебиетіне кірмеген, ешкімнің зерттеу жұмысына арқау болмаған, тың қолжазба қолымызға тиді. Араб қарібінде жазылған, әбден сарғайған қолжазбаны орыс өрпіне түсірдік. Ол - Қожабай ақын жазған "Төлен қажы туралы қисса" екен. Содан бұл жайында жарияланған деректер іздеп, кітапханалардың қолжазба қорларын араладық. Ақынның "Төлен қажы туралы" поэмасынан басқа "Қожабай бір сөз баста көңіл ашып", "Қожабай ақынның Бекқожаға айтқаны", "Үш жүздің өрен жетті болысына", "Жарысып құнанында аттан озған" сияқты көптеген өлеңдері бар екенін білдік.

Болман Қожабаевтан 1944 жылы жазып алған Жумабаева Қаншайымның "Қожабай ақын мен Абай туралы естелік" деген қолжазбасында Болманның "сол кез менің әкем 32 жаста да, Абай 28 жаста екен" деген сөзіне қарағанда, Қожабай ақын 1841 жылы Жезқазған өңірінде туған болуы керек. Ал қайтыс болған жылы "Қисса Төлен қажы" поэмасында мынадай жолдардан білеміз:

"Төленді" 1880 жылы жазған, Қалайық сол кезде оқып, көзі қаңған, Жылында 16 қайтыс болып, Артында өлмейтұғын сөзі қалған, - деген деректерден Қожабай ақынның 75 жасқа келіп дүниеден өткенін байқаймыз.

Қожабай ақынның баласы халық ақыны Болман Қожабаев Қарсақпайда тұрған, оның ұрпақтары да қазір сол жерде болса керек.

Қожабай қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевпен замандас, бір-бірімен хат алысып, жақын сыйлас адамдар болған. Олар 1868 жылы 60 ақын жиналған Омбыда өткен айтыста танысады.

Бұл жайында "Қожабай ақын мен Абай туралы естелік" қалдырған Болман Қожабаев: "Әкем Қожабай Токсанбайдың баласы, өте пысық, қадырлы адам болатын. Өмір сүріп, атағы шыққан кезеңі ХІХ ғасырдың 70-жылдары екен. Ол кезде ақындар болып айтысқа жиналады екен. Сондай зор айтыстың бірі 1868 жылы Омбыда болыпты, оған атақты 60 ақын ат салысыпты. Солардың арасында жас Абай да болыпты. Әкем айтушы еді: "Біздің ортамызда жас Абай қияға құлаш ұрған қыран секілді еді, зілмен бірі-бірімен аяусыз айқасып отырса да, Абайға ешқайсысы сөз қата алмайды. Ол кезде Абайдың шешен сөзге би, шеберлік жағынан Ұлы жүз бен Орта

жүзге атағы өйгілі еді" дейтін әкем, - деген.

Сонымен бірге, осы жинақта Қожабай ақынға Абайдың арнау ретінде жолдаған өлеңін кездестірдік. Бірақ бұл өлеңді Абайдың екі томдық толық шығармалар жинағынан да, "Абай энциклопедиясынан" да және т.б. Абай өлеңдерінің жинақтарынан да кездестіре алмадық.

Абай бұл өлеңінде Қожабайға жасы кіші болса да, ақыл айтып, оқу оқып, білім ал, білімсіз айтқан сөзден пайда жоқ, - деп кеңес беріпті.

Онда: Қожабай, бір сөз тыңда көңілдегі, Емеспіз халық ханы, елдің бегі. Білім ал, оқу оқы, тілімді алсаң, Дүниенің неге керек аз бен көбі. Қазына таусылмайтын білім алтын, Болады білім алсаң жүзің жарқын. Дүниеде сапар кешіп өткеніңше, Жазармын қысса қылып елдің қалпын. Арқада Орта жүзде жатқан найман, Білімсіз айтқан сөзден шықпас пайдан. Көп сәлем Арқадағы орта жүзге, Айтарсың, ал Қожеке, деп Абайдан, - деген арнауына: "әкем басқа, өзіндей ақындарға жол бермей жүрсе де, Абайға кенеттен қайырып ешнәрсе айта алмайды. Бірақ Абайдың сөзі әкемді біраз ойға қалдырады", - дейді Болман.

Қожабай уақыт өткізіп алып, білім алудан кенжелеу қалғанын білген кезде өкінішпен Абайға хат жолдап, Омбыдағы айтыста Абайға ешкім теңкелмегенін, оның асқан таланты мен дарынын, үш жүзде оған тең келер ақыл иесінің жоқтығын, Абай сөзінің балдай тәтті, болаттай жұмыр екенін және асқан дана адам екенін баяндап, өзі кезінде неге Абайға еріп кетпегеніне налиды. Сонда:

Бұлбулы азаматтың жалғандағы, Сөздері қоғам қалам алғандағы, Абайға неге еріп кетпедім деп, - Бір ғана пұшайманым армандағы. Қожабай мұны жазған менің атым, Абайдай асыл затқа жазған хатым, Дүниенің екі дәуірі қуанып еді, Жарыққа шығар бір күн өлмес атың, - деп Абайға өзінің шын көңілден, талантына табынған, достық өлеңін жолдайды. Бұл жолдауында Қожабайдың сөз қолданысы мен теңеулерінен өлеңнің құрылысын жақсы меңгерген қарулы ақын екенін байқаймыз.

Қорыта айтқанда, қазақ әдебиетінің көлеңкелі жағында қалып, жарыққа шықпай, әдебиеттен өзінің лайықты орнын ала алмай жүрген Қожабай секілді ақындарымыздың шығармалары зерттеуді қажет етеді. Ұлы Абайдың халық арасында қалған өлеңдері толық жинақталмағанын да байқаймыз. Өткен ғасырдағы ашылмай кеткен ата-баба мұраларын араб әрпімен аударып елге таныстыру, оны көрсету әрбіріміздің міндетіміз деп санаймыз.



Алматының намысын біздің ақындар қорғайды!

Наурыз айының 11-12 күндерінде Алматыдағы Республика сарайында "Ғасырлар тоғысында" деген тақырып аясында ақындар айтысы өтті. Бұл жолғы жыр доғасына Қазақстан ақындарының құрмысы мен Алматы қаласы ақындарының тәжіктері шығады. Ерекше айта кетер мақтаныш - тақырып аясы біздің 11 алматылық жыршінің 3-і ҚазМУ-дің қызметкерлері және студенттері мен аспиранттары.

Біз айтыскер ақындарымызға өзгесіміз, Шығармашылық кеңес, оларды өз шеңберімізге таныстыруды мақсат етеміз.



Мұхамеджан ТАЗАБЕКОВ,
ҚазМУ-дің филология
факультетінің аспиранты.



Гүлбағыш БОСТАНОВА,
ҚазМУ-дің журналистика
факультетінің 4-курс студенті.



Бекжан ӘШІРБАЕВ,
ҚазМУ-дің журналистика
факультетінің оқытушысы.



Серік ҚАЛИЕВ,
ҚазМУ-дің Студенттер клубының
директоры, филология
факультетінің аспиранты.



Балғымбек ИМАШЕВ,
ҚазМУ-дің филология
факультетінің магистранты.



Талант АРҒЫНҒАЛИ,
ҚазМУ-дің журналистика
факультетінің 3-курс студенті.



Серікзат ДҮЙСЕНҒАЗИН,
ҚазМУ-дің Студенттер клубы
директорының орынбасары,
филология факультеті
магистратурасының түлегі.



Бауыржан ХАЛИОЛЛА,
ҚазМУ-дің журналистика
факультетінің 3-курс студенті.

"Қолымда бір қамшым бар..."

немесе қамшыгерлік өнерін спорттың бір түрі ретінде
дамытуды қолға алсақ...



Дүкен МӘСІМХАН,
шығыстану факультетінің аға
оқытушысы, филология
ғылымдарының кандидаты,
"Қазақ университеті" газетінің
тілшісі.

адамдағы кеселдерді, малдағы кейбір індеттерді қамшымен ұшықтау, қамшыны алақанынан (кей жерде бүлдіргесінен) ілмеу, қамшыны қанжығаға байлау, қамшыны маңдайшаға немесе босағаға ілмеу т.б. толып жатқан ырымдар мен тиымдарды атауға болады. Бұдан сырт, қамшы бақсылардың жын ойнаудағы басты сайманы екенін білеміз, сондай-ақ қазақ халқында қамшы ілулі тұрған үйге шайтан кірмейді деген де ұғым бар. Демек осылардың өзінен-ақ, қамшы деген қарудың қазақ халқының өміріндегі, санасындағы орнын аңғаруға болатын сияқты.

Ат әбзелі нәм ер қаруы ретінде ұсталатын қамшының ұрылуы мен тигеніне қарап - қамшы үйіру, қамшы білеу, қамшымен жасқау, сипап қамшылау, батыра қамшылау, орап тарту, шықырту, оса тарту, тіле тарту, көсіп жіберу, баса тарту, серпе тарту, кестіте тарту, салып қалу, тартып қалу, сілтеп қалу деген секілді атаулар өмірге келген болса, әрі осы атаулар арқылы тыңдаушы қамшының қалай ұрылып, қаншалықты зардабы болғанын аңғарып отырған. Ал нені қай жерден қалай ұруға байланысты қамшы теседі, тіледі, сызады, осады, көгертеді, езеді, беледі, сындырады, өлтіреді.



Қазақта қамшы қару ретінде тек ұрыста, майданда ғана қолданылумен шектелмеген. Керісінше той-томалақта, ас-жиында, ел-жұрт жиналған ұлы күндерінде ат бәйге, балуан, қыз қуу, аударыспақ, теңге ілу, жамбы ату секілді спорт түрлерімен қоса қамшыгерлерді де бәсекеге шақырып, жиналған жұрт алдында сайыстыратын болған. Әрине бұндай сайысқа атақты, өзіне сенген қамшыгерлер ғана шығатын, дәстүр бойынша жеңгендерге жүлде берілетін. Бұндай сайыстарда, сондай-ақ қамшыгердің жекебас қайшылығынан туындайтын төбелестерде, қазақтың салт-дәстүрлік заңдары бойынша, қамшыгер қарсыласын талмау, жанды жерінен емес, жонарқа, қызыл асық секілді жерлерінен ұрып, аттан құлатып қана кетуі керек.

Қамшымен жауынан (кәдімгі елге шапқан жау немесе өзінің жеке дүспаны, жыртқыш аңдар...) қорғана алатын немесе оларға шабуыл жасай алатын адамды жұрт қамшыгер деп атайды. Қамшыгерлік өнер өсте тұма қабілет емес, яғни ол адам бойындағы тездік, ептілік, оралымдылық, діттілік, мергендік, каталдық, қарулылық, өткірлік, ауырқолдылық сияқты ішкі-сыртқы шарттардың пісіп-жетілуінен, шынығып-шыңдалуынан қалыптасатын, ұшталатын өнер.

Спорт өнерінің өзге де түрлері секілді, қамшыгерлік те көп ізденуді, тынымсыз машықтануды қажет етеді.

Ол үшін жастайынан қамшыгерлікке құмарту, әйгілі қамшыгер-ұстаздардан тәлім-тәрбие алу, қамшыны ұстай білу, ұра білу, адамды, малды, жыртқыш аңдарды қай жерінен қалай ұрғанда құлайды... дегендердің бәрін қолмен қойғандай қапысыз білу шарт. Негізінде қамшы атүсті шайқастың қаруы болғандықтан, қамшыгерден қамшыны дәлдеп бір-ақ рет ұру, сол бір-ақ рет ұрғанда жеңіске жету талап етіледі. Себебі тұрып алып сабалай беретін қарсы жақ томар емес, ол қорғанады, ал сенің атың ойқастап арлы-бері ағылады, оның үстіне қарсы жақтың шабуылынан өзің қорғануың керек. Ендеше қайткенде қамшыны бір-ақ тартып жеңіс



тұғырына көтерілуге болады деген сұрақтың туары даусыз. Мұндайда қамшыгерге қамшыны ұстау, ұру өнерінен тыс, қарсыласының осал, жанды, нәзік жерін біліп алуына тура келеді. Мәселен, адамды жон арқадан қамшымен мың ұрсаң да өлмейді, есесіне, адам денесінде осал, жанды жерлер көп-ақ. Бұндай осал, жанды,

нәзік жерлер адамда ғана емес, жан-жануарларда да болады. Атап айтсақ, адамда шеке, самай, құлақ шеке, маңдай, еңбек, қара құс, көз, шынтақ, қызыл асық, аяқтың үсті, тізенің көзі, т.б. жерлер десек; ит пен қасқырда - қара түмсық; жолбарыс пен аюда - қара құс; бура, айғыр, бұқаларда - қасқа маңдай, орай тұсы секілді жерлер талмау және жанды жерлер болып есептеледі. Қай жерінен ұруды қамшыгер өзі таңдап алады немесе шайқас үстіндегі қамшыгерге қай жерінің ыңғайы келсе, сол жерден ұрады.


Қазақ халқы ертеде (көп жерде қазан төңкерісіне дейін) қамшыгерлік өнерін - ат үсті спортының бір түрі ретінде насихаттап, дәріптеп, жалпыластырып, аруақтандырып келген екен. Тіпті кейбір өңірлерде адам мен адамды сабаластырмай-ақ, сиырдың шылғи терісін төрт пушпағынан төрт қазыққа керіп тастап, қамшыгерге соны ұрғызған. Қамшыгер атпен шауып келіп теріні салып өткенде тері не тесіледі, не жыртылады, не тілініп түседі. Соған қарап бәйгені белгілеп отырған екен.



Бұны айтудағы мақсатымыз, бүгінде қазақтың ұлттық ат спортының жанданып келе жатқан жайы бар. Жиын-тойларымыз атбәйгесіз, қыз қуусыз, аударыспақсыз, теңге ілусіз өтпейді. Енді осының қатарына қамшыгерлік өнеріміз қосылса, тіпті нұр үстіне нұр болмас па еді. Себебі қамшыгерлік өнер жоғарыда айтқанымыздай ер-азаматтарымызды жүректілікке, тездікке, ептілікке, мергендікке, шымырлыққа баулитын ат спортының үлкен бір саласы. Бұны тірілтсек, бірте-бірте оның жаяу түрін де өмірге әкелуге болатын шығар...

Біздің бұл ұсыныс-пікірімізге республикалық спорт және туризм комитетіндегі ағайындар қалай қарар екен?!

Суреттерді салған:
Базан ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ.



АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР...



Озық ойдың отауы

Тоқсан бірдің тарихи толқыны Қазақстанның оқу-білім жүйесіне де сандық, сапалық өзгерістер алып келгені аян. Қазіргі басты талаптың бірі - халықаралық өлшемге сай мамандар даярлауды қолға алу болып отырса, осы бедел-биікке жетудің аттаныс нүктесі кітапханалар жұмысын жандандырудан басталары тағы да шындық. Міне, біз осы төңіректегі сауалдарымызға жауап табу мақсатында ҚазМУ-дің журналистика факультетіндегі оқу залының меңгерушісі Майра БАЙБОЛОВАНҒЫ өңгімеге тарттық.

Ең басты ерекшелігіміз - сіз біздің залдан журналистиканың ағымдағы проблемаларына қатысты кез-келген кітапты, әдістемелік оқу құралдарын, рефераттық жұмыстарды және бұқаралық ақпарат құралдарының тігіндісін таба аласыз. Сондай-ақ, еш алаңсыз, тасыр-шусыз жұмыс жасауына барынша қолайлы жағдай туғызылған.

Айта кетерлік тағы бір жайт, журналистика факультеті болғандықтан біздің залдағы мерзімді баспасөз парақтары көп пайдаланудың салдарынан тез мүжіліп, тозып кетеді. Сол үшін де біз дұрыс оқытуға мүмкіндік жасау әрекетімен тозған газеттерді басқа факультеттер басылымдарымен ұдайы ауыстырып отырамыз.

- Сіздерде қанша кітап газет-журналдар қорын ұстауға мүмкіндік бар?
- Залымыз шағын. Кішігірім екі

бөлмеден тұрады. Отыз орынды. Оқырмандар өздеріне қажетті материалдарды қиналмай табады. Олай дейтінім, әр оқырман бізде сақталатын 51 газет, 43 журналдағы материалдар мен эзальдың қорындағы 3787 кітапты пайдалана алады. Сонымен бірге студент өзіне керекті дүниені уақыт өткізбей тез табуы үшін арнайы каталог жасалған.

- Кітап қорын байтудың қандай жолдарын қарастырудасыздар?

- Кітап қоры күннен-күнге көбейе түсуде. Декан Н.Омашев оқырмандарға қажетті оқулықтарды факультет қаржысымен сатып әпереді. Мысалы, 55 мың теңгеге ағылшын тілін үйрену мақсатындағы бес сатылы оқулық пен оның аудиокассетасы алынды. Сондай-ақ, әрбір оқытушы өздерінің жаңа шығарған кітаптарының 5 данасын

оқырман залына сыйға тартады. Ал американдық ұстаз-ғалымдар факультетке келген сайын баспасөз тарихына арналған ағылшын тіліндегі оқулықтарды тарту етеді.

Студенттерге аса қажетті материалдарды кафедралармен бірлесе отырып, компьютердегі Интернет жүйесіне беру арқылы рефераттар дайындалады. Мысалы: 1) Рекламный бизнес. Анализ рынка рекламы. 2) Реклама и маркетинг. 3) Реферат. 4) Реклама в СМИ. т.б.

- Сирек кітаптарға деген оқырмандар сұранысын қалай қанағаттандырасыздар?

- Рас, кейбір аса қажетті материалдар жинақтаған оқулықтардың тек бір ғана данасы бар болып шығып, оның өзінің сапалық жағы солғын тартып жатады. Біз бұл тығырықтан да шығар тете жол тауып отырмыз. Көпшілік қажет ететін жалғыз дана кітап қазір оқырмандарға SD арқылы компьютерден оқытуға мүмкіндік туғыздық. Аз таралымды, және тозығы жеткен кітаптарды ксерокөшірме жасау әдісімен де молайтуды жолға қойғанбыз.

- Өңгімеңізге рахмет! Алда келе жатқан мейрамыңыз құтты болсын!

Өңгімелескен Б.ТӨРЕБЕКҰЛЫ.

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР...



Нәзия ЖОЙМЕРГЕНҚЫЗЫ,
ҚазМУ-дің баспасөз орталығының қызметкері:

- Қоғамдағы саяси-экономикалық, әлеуметтік, ғылыми жаңалықтармен елді жедел де жүйелі түрде хабардар етіп отыру бұқаралық ақпарат құралдарымен тығыз қарым-қатынастағы баспасөз қызметінің еншісінде. Қойылатын басты талап: шындалған кәсіби шеберлік!

ЗАМЕТКИ О СОВРЕМЕННОМ РАДИОВЕЩАНИИ

Скажи мне, что ты слушаешь...

...Слушаешь современный радиозфир и поражаешься, насколько устарела народная мудрость: "Слово - не воробей, вылетит - не поймаешь". Ловим, хватаем, повторяем, тиражируем этот жуткий словесный хлам, который ежемесячно и ежеминутно исторгается из радиоприемников. Да, слово сегодня - не воробей. Слово на радио сегодня - это назойливый комар - кровопийца, который выпивает (или выбивает?) из нас душевные силы сопротивляться зомбированию человеческой личности, которое методично проводится многочисленными радиоканалами.

Но не слишком ли громко сказано? Что плохого в том, если на радио сутками звучит веселая музыка, раздаются милые, звучные, неотягощенные интеллектом голоса ведущих, которые предлагают нам поиграть в незатейливые эфирные игры типа "Сладкой парочки" или "Бац, бац-и мимо?" А новости? Новостей - сколько угодно! Каждый час - информационные выпуски, "стянутые" с ленты "Интерфакс-Казахстан", "ИТАР-ТАСС" и др., за редким исключением адаптированные к элементарным требованиям языка радио. А рекламные слоганы - это же просто песня! Какие образы, какой стиль: "Не все то солнышко, что встает", "Мальчик жестами объяснил, что его зовут Хуан", "Семеро одного козлят..." И так все это оптимистично, что кажется, будто и нет в жизни никаких проблем, что нужно только покрутить колесико +М-диапазона и все сразу настроится на нужную волну - естественно, "на лучшее"... И все это вместе называется - радио...

Если бы этот материал звучал в эфире, то после многоточия я бы непременно поставила какую-нибудь печальную музыкальную отбивку - для зрителей о сложившейся ситуации в радиовещании. Ситуация действительно печальная, более того - удручающая.

"В отличие от газеты, которая обрела свои интересы в новостях о необычном, радио нашло их в насаждении посредственности". Эта фраза Г.Оверстрита, сказанная несколько десятилетий назад, сегодня звучит более чем актуально. Радио насаждает посредственный слог, посредственную интонацию, посредственный стиль, которые в итоге рождают порочное представление о том, что радио - это очень легко, очень весело и очень престижно. Опять же, и зарплата достаточно приличная. Отчего же не поддаться к микрофону и не поболтать в прямом эфире? Тем более, что и образование специального часто не требуется, да и спонсорские деньги "под программу" найти можно. А уж если нашел деньги - для любого эфира ты и "бог, и царь, и герой"...

Появление в Казахстане большого количества количества коммерческих радиостанций совпало по времени с распадом СССР и образованием ряда независимых государств. И если раньше круглосуточная информационно-музыкальная программа "маяк" была единственным представителем "форматного РВ" в союзном эфире, то сегодня в нашей республике и, в частности, в Алматы, вещает более десятка радиоканалов. Пишу неконкретно - "более десятка" - потому что каждый день то

открываются, то закрываются новые и новые радиостанции. Если не можем вещать сами, если не способны определить имиджевую концепцию канала, входим в форматы "Русского радио", "Хит +М". А если не входим в чужой формат, пытаемся обойтись собственными силами, то возникают жалкие подобию того же "Русского радио", которое то ли "слушаешь", то ли "корову доишь", а в общем - "понимаешь, что трезвешь"...

Как известно, подражание - первый этап поисков собственного стиля. Но для кого-то эта ступень навсегда остается единственной, выше которой подняться уже невозможно. Кажется, как просто: придай голосу немного развязности, пересель речь жаргоном и словами-"паразитами" типа "как бы", "в принципе", сдобри это изрядной порцией московского "аканья" и произнеси сакраментальную фразу "Оставайтесь с нами" - получится радиоведущий. Но на деле образуются лишь жалкие потуги соответствия и "похожести" на московские каналы. Алматинские радиостанции, на мой взгляд, заражены сегодня вирусом так называемого "интонационного благополучия": весь текст в эфире, каким бы он ни был, обязательно произносится "на улыбку", мягким, "солнечным" голосом. "Привет всем!" - радостно произносит Юрий Чусов на радио "Европа плюс" и в таком же радостном тоне

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР...



С.Н.ВЕЛИТЧЕНКО,
доцент кафедры радиожурналистики, кандидат наук, руководитель пресс-центра КазГУ им. аль-Фараби.

начинает информационный выпуск словами: "Сегодня федеральные войска плотным кольцом сконцентрировались вокруг Грозного...". "Застывшая" в улылке Анна Лигенз ("Хит-

Хабар") одинаково светло и мягко рассказывает и о проблемах в экономике, и о повышении цен, и о событиях на Кавказе, и о погоде. А пытающаяся подражать московской богемной компании диджеев А.Новикова на "Автордио" заставляет вспомнить старый анекдот о том, чем отличается воробей от соловья... Более того - новоиспеченная "ведущая эфира" (беру это слово в кавычки, чтобы вложить в них весь свой сарказм) в одном из информационных выпусков смогла выговорить слово "инфляция" лишь с пятого раза и назвала К.Токаева "бывшим министром внутренних дел"... А фраза другого популярного ведущего музыкальных программ "я хотел бы, вот, раскрыть вам смысл, что ли, того, о чем она как бы поет..." заставляет вспомнить не о редакторе, а о сантехнике, который бы качественно прочистил радиозфир от "словесных отправлений"...

Парадокс: при таком безобразии, царящем в эфире, попытки студентов факультета журналистики устроиться на какой-либо канал практически безрезультатны. С другой стороны - сотрудники абсолютно всех ныне действующих радиостанций - выпускники факультета журналистики КазГУ. Возникает вопрос: люди, устроившиеся раньше, боятся притока свежих сил? Или отбор сотрудников происходит по

исключительно личным мотивам? Однажды я провела небольшой эксперимент: позвонив на один из алматинских каналов, который являет собой практическое пособие по курсу "Каким не должен быть радиозфир", я спросила: "А не нужны ли вам профессиональные журналисты с красивым голосом и хорошим вкусом?" Директор программ высокомерно произнесла: "У нас работают только хорошие журналисты, штат полностью укомплектован и нам никто не нужен".

...Я всегда начинаю свои встречи со студентами журфака словами: "Радио - самое интеллигентное и аристократичное средство массовой информации. Его прелесть в том, что оно, при отсутствии визуального ряда заставляет работать человеческую фантазию, дает пищу для ума и сердца, учит ценить Слово как первооснову понимания того, что ты - Человек..." Я произношу эти слова, всегда немного волнуясь - ведь с радио связаны 10 лет моей работы в молодежной редакции, время моего становления как журналиста. Я говоря студентам о том, что чувство Слова оттачивается только на радио - твое ухо - самый лучший редактор, а твоя мысль должна быть настолько ясно и точно выражена, чтобы в ту секунду, когда человек услышит тебя, ему было понятно, о чем ты говоришь, и хотелось слушать тебя ещё и ещё... Я говорю это и совершенно отчетливо понимаю, что я говорю о каком-то "радио в идеале", или о том, каким радио было когда-то... По лицам студентов я вижу, что они мне не верят - как верят историческому документу или находке археологов. Они верят, что радио было и аристократичным, и интеллигентным, и вместе с тем оперативным и веселым. Сегодня радио - только веселое. У нас ведь "все хорошо!" Нет, не так: "все будет хорошо!"

Русское радио на разные лады убеждает нас в этом с настойчивостью врача-психотерапевта, беседующего с душевнобольным пациентом... И то сказать: нам, судя по рекламным роликам, нужно только подключиться к телефонной "сотевой", "оттянуться" в ночном клубе и дозвониться на эфир в какую-нибудь студию, чтобы поздравить кого-нибудь с чем-нибудь. А о том, что происходит в мире, нам расскажут с улыбкой. А о проблемах собственной страны мы не узнаем вовсе - нас лишь душевно попросят не забыть зонтик и надеть галоси - дождик ожидается. А в завершение сеанса зомбирования нам расскажут очередной анекдот и мы покатымся со с меху: "есть ещё шары в шароварах!"

Всё это было бы действительно смешно, когда бы не было так грустно. И самое грустное в том, что выхода из сложившейся ситуации практически нет. Радио прочно стало средством отвлечения людей от всего, что может хоть как-то осложнять жизнь. Радио стало мусорной свалкой слов и словечек, нечеткой дикции и пошлой интонации. Негодовать по этому поводу - бессмысленно. Борьбаться - невозможно. Остается надеяться, что студенты журфака, получив необходимые знания, не пополнят ряды болтунов в эфире, а станут настоящими профессионалами. Может быть, они реанимируют удручающую картину современного РВ. Может быть, создадут новые каналы. А может быть, им нужно будет просто зарабатывать деньги и тогда они приспособятся к любой концепции любой радиостанции. - "кто девушку ужинает, тот её танцует"...

...Перечитала материал и что-то взгрустнулось. Пойду включу радио. Уж оно-то отвлечет меня от грустных мыслей!..



БАСПАМЫЗДЫҢ БАЗАРЛЫҒЫ

АРУЛАР, АСЫЛ ЖАНДАР...



Ф.Н.ЖАҚЫПОВА,
экономика ғылымдарының
кандидаты, доцент,
"Қазақ университеті"
баспасының директоры

Жылбастап жаныңдар мен арулар!

Биылғы жыл - өз-өзіне сенімді, ақылды және ару әйелдер жылы болмақ. Әрбір әйел тұңғыш тылсым дүниенің тамшысы іспетті.

Бүгінгі көктемнің мерекелік күнінде Сіздерге бақыт, үзілмес үміт және таусылмас көңіл хошын тілейміз. Әманда, сұлу да сыршыл қалыптарыңызда жүре беріңіздер!

Жаңа көзқарас туындысы

С.Ә.ТОРТАЕВ. Орта ғасырлардағы Шығыс елдерінің тарихы. Оқулық. Алматы: Қазақ университеті, 1998. 293-бет.

Доцент С.Ә.Тортаевтың жоғары оқу орындарының тарих факультеттерінің студенттеріне ұсынылып отырған бұл оқулығында Шығыс елдеріндегі феодализмнің орнығуы, даму ерекшеліктері, ыдырай бастауы жүйелі түрде ашып көрсетілген. Әр тақырып жоспар бойынша талданып, соңында студенттердің білімін өз бетімен толықтыра түсуіне қажетті әдебиеттер тізімі келтірілген.

Оқулықтың авторы Шығыс елдерінің ортағасырлық тарихын зерделеуде оның дамуына елеулі әсер еткен қайраткерлердің жеке тұлғалық-психологиялық аспектілеріне де жете назар аударған.

Оқулықтың тағы бір атап өтуге лайықты жағы - болашақ тарихшы маманды жалпы адамзаттық рухани құндылықтармен, мәдениетпен, ізгілік дәстүрлерімен таныстыруға бағытталғанды.

Қазақ тілінде алғаш рет жазылып отырған бұл оқулық сол кемшілікті түзетуге, кемістіктің орнын толықтыруға өзінше үлес қосатыны сөзсіз.

Б.Е.КӨМЕКОВ,
ҚР Ғылым Академиясының
корреспондент-мүшесі,
тарих ғылымының докторы, профессор.

Әдебиетіміздің арналы саласы

З.СЕЙІТЖАНҰЛЫ. Шыңжаң қазақ әдебиеті. Монография. - Алматы: Қазақ университеті, 1999. -185 бет.

- Зерттеу еңбекте ұлттық байлығымыздың бөлінбес бір бөлігі болып саналатын Шыңжаң өлкесіндегі қазақ әдебиетінің туып қалыптасуына, өзіне тән ерекшеліктеріне ғылыми тұрғыдан жүйелі баяндалған.

Төрт тараудан тұратын монографияның I тарауында XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шыңжаң қазақ поэзиясының негізгі сарындарын саралай келе, ондағы әдебиеттің демократиялық-ағартушылық бағытта дамығандығын нақты деректермен ашып көрсетеді. Ал жазба әдебиеттің қалыптасуына елеулі септігі болған дастандардың сыр-сипатын ашып көрсетіп, оның қос арнада қатар аққанына, яғни, оның бірі - назира дәстүрінде жырланған дастандар болса, екіншісі ақындардың төл туындылары екендігіне баса назар аударып, дәйекті дерек-тұжырымдармен ара-жігін ажыратып берген.

Шоқан ШОРТАНБАЙ.

Тың тақырып, құнды оқулық

Дүкен МӘСІМХАН. Жыр-жебе. Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея. Көмекші оқу құралы. -Алматы: Қазақ университеті, 2000. -160 бет.

Бұл кітапта Қытай қазақтары поэзиясындағы ұлт-азаттық идея сол кездің (XX ғ. 20-50 жылдары) тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайымен байланыстырыла, жан-жақты жарастырылады. Сонымен бірге Қытай қазақтары әдебиетінің қалыптасуы, даму барысы, поэзиядағы ұлт-азаттық идеясының тарихи көздері, бұл идеяның жалпы қазақ әдебиетімен, қазақтың ұлттық көркемдік ойымен сабақтастығы қатарлы келелі мәселелер көнінен сөз болады.

Өз тілшіміз.

Новые
технологии
обучения в КазГУ

Как известно, новая модель национального образования в Республике Казахстан ориентирована, прежде всего, на достижение высокого качества обучения и воспитания, подготовку высокопрофессиональных кадров с новым мышлением. В этих условиях особенно возрастает роль системы дистанционного образования, которая предполагает активное использование современных технологий обучения.

Учитывая определенную новизну и отличие системы ДО от традиционной необходимо разработать учебно-методическую базу данной системы, в которую входят мультимедийные обучающие программы, электронные версии учебников и учебных пособий. С целью решения данной задачи Учебным отделом дистанционного образования совместно с ИЭП КазГУ был реализован проект «Совершенствование подготовки специалистов в области бизнеса с использованием современных технологий обучения», финансируемый Фондом Евразия. Срок проекта с 15 апреля 1999 г. по 15 апреля 2000 г. В результате реализации проекта было создано на казахском, русском и английском языках мультимедийное обучающее пособие по маркетингу и менеджменту, состоящее из учебного пособия и словаря основных терминов (500 терминов). Завершается работа также над созданием кыргызской версии данного пособия, на которое был сделан запрос Американско-Кыргызским Университетом.

В рамках проекта также был проведен ряд семинаров по обучению использованию современных интернет-технологий в процессе обучения. Данные курсы были ориентированы на преподавателей, а также на магистрантов. В результате их проведения были достигнуты следующие цели:

Было обучено 83 преподавателей, магистров и бакалавров университета по интернет-технологиям.

Было обучено 26 преподавателей других высших учебных заведений по интернет-технологиям.

Были созданы личные странички преподавателей, магистрантов и бакалавров. Все это Вы можете увидеть, посетив нас по адресу:

<http://www.kazsu.uni.sci.kz/eurasia/index.htm>

Презентация результатов проекта состоится 20 марта 2000 г. в КазГУ. Будем рады ответить на все интересующие вас вопросы по телефону 1156, Учебный отдел дистанционного образования.

Н.НАЗАРБАЕВ: "Білім беру саласында шешілмеген проблемалар көп... Тіпті байланыссыз оқыту делінетін жамылғымен, сандаған академиялар мен университеттердің атағын пайдаланып, ақша алуды ғана білетін кәдімгі алаяқтар жұмыс істейтінге дейін жетті... Бұл салада қатаң тәртіп орнатылуы тиіс, жастарға сапалы білім беру қажет..."
(Астана. Ақпанның 9-ы. Үкіметтің кеңейтілген мәжілісінде сөйлеген сөзінен.)



Суретті салған Базан ҚҰДАЙБЕРГЕНҰЛЫ.

Казахский государственный национальный университет им. аль-Фараби объявляет конкурс на замещение должностей профессорско-преподавательского состава, а также информирует о вакантных должностях заведующих кафедрами для занятия их по контракту.

ЗАВЕДУЮЩИЕ КАФЕДРАМИ: казахского языка (ЕФ); зоологии и ихтиологии; экономической и социальной географии; физической географии; геоморфологии; туризма; истории журналистики; периодической печати; истории древнего мира и средних веков; вычислительной и прикладной математики; дифференциальных уравнений и математической физики; математического обеспечения ЭВМ и математической кибернетики; иностранных языков факультета МО; органической химии природных соединений; ядерной физики; физики твердого тела; теплофизики и молекулярной физики; физиология человека и животных и биофизики; механики; криминалистики и судебных экспертиз.

ИЭП: теории и истории государства и права; маркетинга и общеэкономических дисциплин; **ПРОФЕССОРА КАФЕДР:** История стран Азии и Африки; физиологии человека и животных и биофизики; ботаники; вычислительной и прикладной математики; дифференциальных уравнений и математической физики; историкогеографии и историографии; общей химии и химической экологии - 2; общего языкознания; казахской филологии; истории и критики казахской литературы; русской и зарубежной литературы;

ИЭП: Государственное и муниципальное управление; **ДОЦЕНТЫ КАФЕДР:** безопасности жизнедеятельности - 2; педагогики - 2; иностранных языков (ЕФ); гистологии и цитологии; физиологии человека и животных и биофизики - 2; ботаники - 2; зоологии и ихтиологии - 2,75; экологии и почвоведения; геоэкологии и мониторинга природной среды; экономической и социальной географии; гидрологии суши; стран дальнего Востока - 2; истории журналистики; периодической печати; тележурналистики; радиожурналистики; издательского дела и редактирования; новой истории Казахстана - 3; новой и новейшей истории зарубежных стран; истории древнего мира и средних веков; вычислительной и прикладной математики - 4; механики - 2; дифференциальных уравнений и математической физики; геометрии, алгебры и матлогики - 2; функционального анализа и теории вероятностей; теории управления; высшей математики и методики обучения; математического анализа - 2; физической химии и электрохимии; химической физики; неорганической химии; химии высокомолекулярных соединений; органической химии и химии природных соединений -2; аналитической химии и химии редких элементов - 1,5; общей химии и химической экологии - 0,5; ядерной физики: оптики и физики плазмы - 2; физики твердого тела, теоретической физики - 3,5; теплофизики и молекулярной физики - 4; физики космоса и радиационной физики - 2; русской и зарубежной литературы - 0,5; русской филологии - 3; казахской филологии; казахской литературы - 1,75; истории и критики казахской литературы - 2; истории казахской и зарубежной философии -2; политологии -3; философии и методологии науки -2; психологии; международной журналистики;

ИЭП: Трудового права и гражданского процесса: макро, микроэкономики и математических методов; конституционного и административного права - 0,75; менеджмента; маркетинга и общеэкономических дисциплин; гражданского и предпринимательского права;

СТАРШИЕ ПРЕПОДАВАТЕЛИ КАФЕДР: I-ая гуманитарная кафедра иностранных языков -2; кафедра иностранных языков (ЕФ) -3; физиологии человека и животных и биофизики - 0,75; метеорологии -3; геоэкологии и мониторинга природной среды; туризма; экономической и социальной географии; арабской филологии -2,75; стран Дальнего Востока; тележурналистики; радиожурналистики; древней и средневековой истории Казахстана; международного права факультета МО; ядерной физики; теплофизики и молекулярной физики - 2; казахского языка; философии и методологии социального познания -2; русского языка; новой истории Казахстана - 0,75;

ИЭП: макро, микроэкономики и математических методов; уголовного процесса; иностранных языков - 0,5;

АССИСТЕНТЫ КАФЕДР: безопасности жизнедеятельности; I-ая гуманитарная кафедра иностранных языков -3; ботаники; турецкой филологии - 0,5; вычислительной и прикладной математики; функционального анализа и теории вероятностей; международного права факультета МО; телевизионной журналистики; русской филологии;

ИЭП: гражданского и предпринимательского права; международные экономические отношения - 0,5.

Срок сдачи документов - 1 месяц со дня публикации.

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің ректораты және журналистика факультеті.

Газет Қазақстан Республикасының Баспасөз және бұқаралық ақпарат министрлігінде тіркеліп, № 1242 куәлік берілген.

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор - Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ;
Бас редактордың орынбасары - Нарбинь КЕНЖЕҒҰЛОВА,
Жауапты хатшы - Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА,
Теруші-көркемдеуші - Айтгүл БАБАСОВА;
Фототілші - Арман СӘРСЕНБИЕВ.
Немірдің кезекші редакторы - Дүкен МӘСІМХАН.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Е.Б.ЖАТҚАНБАЕВ - проректор;
Е.ӘБІЛҚАЙЫРОВА - ҒЫЛЫМИ кітапхана директоры;
Ж.Д.ДӘДЕБАЕВ - декан;
Н.ОМАШҰЛЫ - декан;
В.М.БОЛДЫРЕВ - декан;
Б.ЖАҚЫП - кафедра меңгерушісі;
Д.АБАЕВ - студенттік кәсіподақ ұйымының төрағасы.
Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

МЕКЕН-ЖАЙЫ:

480078, Алматы, әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 10-қабат, 1008 бөлме. Тел.: 1194.

Немір "Полиграфсервис" баспасында (Жандосов көшесі-55)

07.03.2000 күні басылып шықты. Бағасы келісім бойынша. Таралымы - 1000 дана. Көлемі 2 б.т. Индексі 65989. № 81 тапсырыс.